

САРАПТАМА



ҚҰБЫЛМАЛЫ МҮНАЙ НАРЫҒЫ
Қазақстанға қалай әсер етпек?

3

Алматы

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №56-57 (6619) 24 маусым, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТКЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ –

ең құрметті әрі аса жауапты міндет



23 маусым – елімізде Полиция қызметкерлері мен Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекелері. Осыған орай кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде еліміздің құқық қорғау саласы мен мемлекеттік аппарат қызметкерлеріне арнап құттықтау сөз сөйлеп, олардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды. «Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға

және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет», – деген Президент ел ішінде жоғары құқықтық мәдениет қалыптасып келе жатқанын, азаматтық жауапкершілік идеологиясы берік орныға бастағанын айтты.

ӘКІМ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ:

инновациялық әрі қауіпсіз мегаполис



Шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының өткен жұмыс аптасы Алматының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу және білім беру саласын цифрландыру бағытындағы нақты кездесулер мен жобаларға толы болды. Қала әкімі өңірлік қауіпсіздік, экологиялық даму және адами капитал сапасын көтеру мәселелеріне негізгі басымдық ретінде маңыз берді. Сел қауіпсіздігін бақылап, шетелдік инвесторлармен экологиялық өндіріс ашу, жетекші халықаралық серіктестермен білім беру жүйесін цифрландыру және ғылыми-инженерлік бағыттарды дамыту мәселелерін көтерді. Бұл шаралар Алматының тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, оны инновациялық әрі қауіпсіз мегаполис ретінде ілгерілетуге бағытталған.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТКЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ең құрметті әрі аса жауапты міндет

(Басы 1-бетте)

Келесі маңызды міндеттің бірі – отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдер мен балаларды қорғау. Мемлекет басшысы айтқандай, бұл бағытта заңнамалық, институционалдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалуда. Нашәқорлықпен есірткі бизнесіне қарсы да кешенді жұмыстар атқарылуда. Жемқорлыққа қарсы күресу үшін нақты, жүйелі шаралар қабылданып жатыр.

Қазақстанды жайлы әрі қауіпсіз мемлекет ету – бәрімізге ортақ міндет. Біз азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғай білуіміз керек. Ел ішіндегі тыныштық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл – халықтың әл-ауқаты мен еліміздің табысты дамуына тікелей ықпал ететін фактор. Сондықтан біз бүкіл құқық қорғау жүйесінің әлеуетін арттыруымыз қажет. Құқық қорғау органдары түбегейлі өзгерістерге дайын болуға тиіс. Түйткілдің бәрін жан-жақты ойластырып, жоспарлы түрде шешу қажет. Құзырлы органдардың негізгі мақсаты – нақты нәтижеге қол жеткізу. Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі.

Президент қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіруді ауқымы кең маңызды міндет ретінде атап, жұмыстағы негізгі төрт басымдықтарды атады: **«Бірінші.** Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени

орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуға тиіс. Бүгін мен «Заң және тәртіп» апталығын жариялауды ұйғардым. Осы апта қоғамда заң мен тәртіпті насихаттау аптасы болмақ. Алдағы жеті күн құқықтық мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының абырой-беделін арттыруға арналуы керек. Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық сана-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн.

Екінші. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді. Қылмыстың және заңға қайшы әрекеттердің салдарымен ғана күресуге болмайды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет. Менің тапсырмаммен «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің қарауына берілді. Жаңа заң аталған саладағы мемлекеттік саясатты біріздендіріп, профилактикалық шаралармен қамтылатын тұлғалардың санатын кеңейтеді. Мұндай заң сөзсіз керек.

Үшінші. Қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру, жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Биыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай, құқық қорғау құрылымдары, депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді. Парламент тиісті заңды қарады, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізгі шараның арқасында жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан аста-

мы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқарады. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, кәмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға кешірім беріледі. Мұны жаза басқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну қажет. Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, бұл – шын мәнінде қайырымды елге тән сипат.

Мемлекет шалыс қадам басқан азаматтан теріс айналмайды, тек оның тура, дұрыс жолға түсуіне жәрдем береді. Өйткені, әділетті елдің соты – әділ, ниеті түзу болуға тиіс. Бірақ рақымшылық жасау дегеніміз, бұл – барлық мәселенің шешімі емес, бір реттік қана шара екенін түсінген жөн. Сондықтан осы бағытта нақты нәтиже болу үшін қылмыстық атқару жүйесін барынша жетілдіру қажет. Негізгі мақсат – сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды. Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек.

Біз қазір қылмыстық жаза саясатын мейлінше ізгілендіруге, жетілдіруге баса мән береміз, яғни бас бостандығынан айырудан бөлек жаза түрлеріне басымдық беріледі. Бұл пробация қызметіне анағұрлым көп салмақ түседі деген сөз. Сондықтан аймақ әкімдері осы салада жұмыс істейтін адамдардың әлеуметтік жағдайын біртіндеп жақсарту жолдарын қарастыруы керек. Сондай-ақ, пробациялық қызметтің материалдық-техникалық

базасын нығайтуды қолға алу қажет. Пробациялық бақылауды тиімді жүргізуге септігін тигізетін цифрлық шешімдерді белсенді түрде енгізген жөн. Жалпы, біз кез келген мәселенің салдарымен емес, себебімен күресуіміз керек. Қылмыстық-атқару жүйесінің басты мақсаты тек жаза-лау деген түсініктен арылу қажет. Қателік жасап, қамауға түскен адамды жаншып, басып тастауға тырысу – дұрыс емес, біз ондай адамның тура жолға түсіп, түзеліп кетуіне қолұшын беруіміз керек. Бәріміз бір ел болып өркениетті, озық және әділетті қоғам құрып жатырмыз. Заң да, сот та – әділ болуға міндетті. Бұл – мызғымас қағида.

Төртінші. Құқық қорғау органдарының жұмысына сервистік модель қағидаттарын кеңінен енгізіп, кадрлық әлеуетін күшейту қажет. Полиция мен басқа да құрылымдар билік және қоғам арасын байланыстыратын алтын көпір болуға тиіс. Ол үшін «Мемлекет пен азамат – біртұтас» деген іргелі қағидатымызға толық сай келетін халықпен қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастыру керек.

Жалпы, азаматтардың қауіпсіздігі мен заң талаптарын мүлтіксіз сақтау үшін құқық қорғау жүйесін одан әрі реформалау керек. Бірақ реформалар реформа үшін ғана жасалмайды. Басты мақсат – қоғамның құқық қорғау жүйесіне сенімін арттыру».

• **Мемлекет басшысы елге және заңға қызмет етуге бел буған әрбір азамат адамгершілік пен әділдік құндылықтарын басшылыққа алатынын, қылмысқа қарсы күресті қастерлі парыз деп санайтынына маңыз берді. «Бәріміз бір ел, бір халық болып Қазақстанымыз үшін қызмет етіп, табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ ұлттық парыз, азаматтық борыш. Қазақстан қауіпсіз, заң мен тәртіпке бағынатын ел болуы керек. Түптеп келгенде, біздің басты бағдарымыз – айқын. Бұл – заң мен тәртіп қағидаты», – деді Президент.**

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТҰРАҚТЫ ДАМУ: инновациялық әрі қауіпсіз мегаполис

(Басы 1-бетте)

Алматыда ірі өндіріс орны ашылады

• **Шаһар басшысы Түркияның ірі өнеркәсіптік құрылымдарының бірі – «Köksan Holding» холдингінің бас директоры Мурат Кёкоглумен кездесті.**

Тараптар Алматыда пластикті қайта өңдеп, ПЭТ-преформалар шығаратын зауыт салу жобасын талқылады. Жоба Алатау ауданындағы 15 гектар аумаққа орналасады. Шетелдік инвестор 44 млрд. теңге инвестиция салмақ. Зауыт іске қосылса, 138 тұрақты жұмыс орны ашылады. Жылдық қуаттылығы – 80 мың тонна ПЭТ-преформа және 24 мың тонна қайта өңделген пластик.

Таулы аймақта бақылау күшейтілді

• **Алматы қаласының әкімі таулы аймақта орналасқан мұздақ көлдер мен селден қорғау инфрақұрылымының жағдайымен танысты.**

Тікұшақпен шолу сапарына қала әкімінің орынбасарлары, «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің өкілдері, Төтенше жағдайлар департаментінің және сала басқармаларының басшылары қатысты.

Тексеру барысында «Медеу», «Үлкен Алматы», «Қарғалы» су бөгеттері мен Ақсай, Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің бастауында орналасқан №6, 8, 9, 10 және 13-Бис мұздақ көлдері қамтылды. Бұл нысандар қала үшін маңызды селден қорғау жүйесінің өзегін құрайды.

• Қазіргі таңда Алматы тауларында 51 мұздақ көл тіркелген. Соның ішінде 14 көлде бұзылу қаупі бар деп танылса, 6 нысан аса жоғары қауіп деңгейінде. Бұл көлдер халық тығыз қоныстанған аумақтарға қарай ағып жатқан өзендердің көзінде орналасқан.



«Қазселденқорғау» мекемесі қауіпті көлдерде алдын алу жұмыстарын қолға алды: су деңгейін төмендету, сифон жүйелерін іске қосу, арналарды тазалау жоспарланған. Аймақта 31 автоматты станция, 23 бақылау бекеті, 8 маусымдық нүкте жұмыс істейді. Тәулік бойы кезекшілік жасайтын жедел топ та құрылған.

Тексеру маршрутына енген тау кластерінде «Chimbulak Development» ЖШС өкілі арқан жолдар мен шаңғы трассаларын кеңейту жоспарын таныстырды. 2028 жылға дейін бұл аймақтың өткізу қабілеті күніне 6 мыңнан 34 мың адамға дейін артпақ.

Google – мегаполис мектептерінің серіктесі

• **Дархан Сатыбалды Google корпорациясының Еуропа мен Орталық Азиядағы білім беру бағытына және ЕМЕА өңіріндегі жоғары білім саласына жетекшілік ететін Анна Артемьева ханыммен ресми кездесу өткізді.**

Алматыда Google for Education платформасының пилоттық жобасы сәтті жүзеге асып, оның аясында қаланың барлық мектебіндегі мұғалімдер оқудан өтті. 2025 жылы қыркүйек айынан бастап Google for Education Fundamental Plus деп аталатын платформаның жаңа, кеңейтілген нұсқасы енгізіледі.

Қала басшысы әкімдіктің мұндай бастамаларды қолдауға әзір екенін білдірді. «Цифрландыру – бұл жәй ғана инфрақұрылымды жаңарту емес, бұл білім берудегі көзқарасты түбегейлі өзгерту. Ол оқушылардың сыни ойлауын, цифрлық сауаттылығын арттырып, жасанды интеллект пен бұлтты технологияларды меңгеруге жол ашады. Google компаниясының білім беру саласындағы шешімдері қаланың оқу жүйесін цифрлық тұрғыда жаңғыртуда ерекше рөл атқарады», – деді Дархан Сатыбалды.

Алматы – ғылым мен білім хабы

• **Алматы қаласының әкімі Ұлыбританияның жетекші оқу орындарының бірі – Coventry University-мен серіктестікті дамыту, Алматыда инженерлік кампус ашу мәселесіне арналған кездесу өткізді.**

Жүздесуге Coventry University проректоры, кәсіпкерлік және инновациялар жөніндегі маман Пол Нун, Primus Education президенті Алистер Бартоломью және Coventry University Kazakhstan президенті Мирас Дәуленов қатысты. Coventry University Kazakhstan – Қазақстанда ресми түрде ашылған алғашқы шетелдік университеттердің бірі. Университеттің алғашқы кампусы 2024 жылы Астанада ашылған. Қазіргі таңда онда 360-тан астам студент білім алып жатыр. Оқу толықтай ағылшын тілінде жүргізіледі, ал оқытушылар құрамы Ұлыбританиядан келген мамандардан тұрады.

Кездесу барысында Алматыны ғылыми және білім беру хабы ретінде дамыту жайы талқыланды. Жоспарға сәйкес, Coventry University Kazakhstan Алматының бизнес-қоғамдастығымен, қалалық құрылымдармен және білім беру мекемелерімен стратегиялық әріптестік орнатуды көздейді. Негізгі мақсат – еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау және қаланың технологиялық дамуына қолдау көрсету.

Дархан Сатыбалды қала әкімдігі білім беру ортасын дамытуға бағытталған жобаларға ашық екенін және оларды жан-жақты қолдауға дайын екенін айтты.

**Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**



Израиль–Иран қақтығысы:

ӘЛЕМДІ БӨЛІСКЕ САЛУ ОЙЫНЫ

жүріп жатыр

Жаһан көз тігіп отырған Иран–Израиль қақтығысына АҚШ араласты. Құрама Штаттардың әуе күштері 22 маусым жексенбі күні Иранның Фордоу, Натанзе және Исфahan қалаларындағы ядролық нысандарына дәл соққылар жасады. Осылайша аймақтағы қақтығыс жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Дональд Трамптың бұл шешіміне Израиль рахмет айтқанымен, халықаралық қауымдастық айыптады. Себебі, бұл қақтығыстың ауқымы кеңейіп, тіпті жаһандық соғысқа ұласып кете ме деген қауіп бар.

«Түнгі балға» операциясы

АҚШ әуе күштерінің Иранда жүзеге асырған операциясы «Түнгі балға» деп аталды. Оның аясында Иранның Фордоу, Натанзе және Исфahan қалаларындағы ядролық нысандарына дәл соққылар жасалған. Жария болған мәліметтерден операцияға 125-тен астам әскери ұшақ қатысқаны белгілі. Оның ішінде В-2 жасырын бомбалаушы ұшақтары мен В-52 ұшақтары бункер бұзғыш бомбалар мен «Томагавк» зымырандарын қолданған.

Салмағы 13-14 тонна келетін бұл бомбалар жер қабатына кіріп 70 метрге дейін бұрғылап барып, сосын жарылады. Әлемде мұндай жойғыш құралдың қазір тек АҚШ-та ғана бар екенін білеміз. Президент Трамп бұл соққыларды «керемет әскери жетістік» деп атап, олар тек ядролық инфрақұрылымға бағытталғанын, бейбіт тұрғындарға тимегенін айтты. Соған қарамастан, Иран тарапы жексенбінің кешінде америкалықтар мақсатына толық жете алған жоқ, жер астында 100 метр тереңдіктегі ядролық нысан өз жұмысын істеп тұр деген сыңайда мәлімдеме таратты. Әрине, соғыс кезінде екі тараптың мәліметтерін дербес дереккөздермен растау өте қиын.

Халықаралық реакция

Әскери операцияның барысы мен нәтижесіне қарағанда, бұл әрекеттің салдары маңыздырақ дер едік. Олай дейтініміз, Трамптың бұл әрекетінен кейін әлем үшінші жаһан соғысына бұрынғыдан әлдеқайда жақын келіп тұр. Әлем елдерінің мәселеге қатысты пікірлерін ортақтастырғанда, «жаһан жаппай алаңдаушылық көңіл күйінде» деп сипаттасақ болады. БҰҰ, Еуроодақ, Қытай мен Ресей қос тараптан сабыр сақтап, жағдайды ушықтырмауды сұрады. Тіпті, бірнеше мемлекет өз азаматтарын эвакуациялай бастады. Әскери соққылардың заңдылығы мен Конгресс мақұлдауынсыз жасалғаны жөнінде сұрақтар туындады. Бұл Трампқа қарсы импичмент мәселесі алдағы уақытта АҚШ ішкі саясатында үлкен тақырыпқа айналады дегенді білді-

реді. Қорғаныс министрі Пит Хегсет бұл шабуылдардың соғыс ашу емес, Иранның ядролық қуатын кешеуілдету мақсатында жасалғанын айтып, «ақталғандай» болды.

Иранның әскери доктринасы

Көпке мәлім, Иранның әскери доктринасы «қарсы шабуыл арқылы күш көрсету» деген ұстанымға құрылған. Сондықтан Иранның «жауапсыз қалмаймыз» деген мәлімдемелері жәй ғана үркітп-қорқыту емес екені анық. Не дегенмен де, Иран 91 млн. халқы бар аймақтағы ең негізгі күштердің бірі. Әрі осыған дейін онымен жаһандық ірі державалар санасып келген. Қазірдің өзінде АҚШ пен Израиль Тегераннан (Тегеран) келетін ықтимал қауіптерге қарсы дайындала бастады. Құрама Штаттар стратегиялық маңызды нысандарында, үкімет үйлерінде, Капитоли, Пентагон ғимараттарында күзетті күшейтті. Екі ел де шетелдердегі елшіліктерінде сақтық шараларын екі есе арттырды.

Әрі болжауымызша, Иранның салмақты жауабы болмай қоймайды. Қазірдің өзінде Израильге ондаған зымыран ұшырылды. Бұл шабуылдар жиілеп, тіпті Израильдің стратегиялық инфрақұрылымдары нысанаға айналуы мүмкін. Зымыран соққылары жиілейтіні онсызда белгілі, оған қоса әлемдік мұнай тасымалының шамамен, 20%-ы өтетін су жолы – Ормуз бұғазы мәселесі сахнаға шығуы бек мүмкін. Иран бұған дейін де бұғазды жабамыз деп қорқытып келгенін ескерсек, қазірше Парсы шығанағының қақпасы Иран қолындағы мықты стратегиялық жауап болуы ғажап емес.

Егер Иран бұғазды толық немесе ішінара жабатын болса, бұл жаһандық мұнай бағасын күрт өсіріп, әлемдік инфляцияны күшейтеді. Олай болса, мәселеге араласатын тараптар қарқынды түрде көбейіп, әлем қайта абыр-сабыр болары сөзсіз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нұрат ІЛИЯС,
әл-Фараби университеті,
Шығыстану факультетінің
аға оқытушысы:

ӘРКІМНІҢ ӨЗ МҮДДЕСІ БАР

Мәселенің түбіне үңілсек, Иранның жаһандық рөліне келіп тірелеміз. Иран үлкен күш орталықтарымен келісіп, өз мүддесін дамытып отыра берсе болар еді, бірақ жүйесі керісінше қалыптасқан ел. Оның үстіне ислам ішінде шиіттік жолды басты идеологиялық құрал ретінде ұстанады. Ірі елдер осындай бір идеология арқылы мүддесін алға жүргізеді, айталық Ресей орыс тілі арқылы, егер орыс тілі Орталық Азияда әлсіресе, Мәскеудің ықпалы да әлсірейді дегендей. Ирандікі де осыған ұқсас, аймақта шиіттік идеология арқылы өз ықпалын жүргізеді.

Бұл қақтығыстың төркінінде әлемді қайта бөлу мәселесі жатыр. Жыл басында «Ақшамға» сұхбат бергенде айтып едім, Вашингтон мен Лондонды орталық еткен англосакс сынды ірі күш орталығы 1945 жылы Ялта конференциясынан бері өз үстемдігін сақтап келді. Халықаралық ұйымдарды да өз мүддесіне тиімді пайдаланды және халықаралық қарым-қатынастардың ережесін қалыптастырды. Сол ережелер, ұйымдар және доллары бар англосакстар қазірге дейін әлемге өз қожалығын жүргізіп келді. Енді осы жүйеге өсіп келе жатқан Қытай сынды жаңа держава мүмкіндік бермей кете жаздап тұр. Себебі, Қытай осы халықаралық ережелермен жүре отырып, халықаралық ұйымдарға қосыла отырып, өзінің өндірісін, экономикасы мен ғылымы мен техникасын жоғары деңгейде дамытып алды. Бір сөзбен айтқанда, рационалды түрде ұтып кетті.

Бұны АҚШ сезді, енді көне ережелермен «ойнау» қазіргі жаһандық көшбасшыға тиімсіз болды. Сондықтан жаңа ережелер мен жаңа ұйымдар орнату керек болды. Бұрын АҚШ – Лондон күш орталығы мен Берлинді орталық еткен еуропалық күш бірге секілді еді, қазір олай емес. Бұдан тыс Мәскеу, Бейжің сынды күш орталықтар тұр. Израиль болса АҚШ-тың рөлін ойнап отырған ел.

Қазіргі жағдайдан қарағанда, бұлар Иран режимін құлатпай тынбайтындай. Мәселе мынада, англосакстар ықпалы жүрмей тұрған Каспий аймағына өткісі келеді. Оған Иран үлкен кедергі, қандай кедергі екенін айтпасақ та түсінікті. АҚШ бастаған батыстық күш орталығының Каспий аймағына қарай бет түзеуі Ресей мен Қытайға да тиімсіз. Тіпті, Ираннан кейін Пәкістанды бөлшектеуге тырысуы да ғажап емес. Осы арқылы Қытайды мұнай-газ қорынан айырып, жаһандық көшбасшылық орынды қорғағысы келеді. Оларды өз аймағына жақындатпау үшін Ресей мен Қытайдың да бұл қақтығысқа араласып кету қаупі жоғары.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚҰБЫЛМАЛЫ МҰНАЙ НАРЫҒЫ

Қазақстанға қалай әсер етпек?

Қазір Израиль–Иран қақтығысы аймақтың тұрақтылығын бұзды. Ал АҚШ-тың қақтығысқа кірісуі отқа май құйғандай әсер етті. Қақтығыс жаһандық сипат алды. Геосаяси жағдай ушығып, халықаралық экономикаға да әсер етуде. Әсіресе, әлемдегі негізгі ресурс – мұнай нарығы құбылып тұр. Құбылмалы мұнай нарығы Қазақстанға қалай әсер етпек? Біз мақалада осы сұраққа жауап іздеп көреміз.

Әлемдік экономика: геосаяси дағдарыс

Соңғы уақытта Израиль мен Иран қарым-қатынасы күрт нашарлады. 2025 жылы мамыр-маусым айларында қақтығыс жасырын фазадан ашық текетіреске айналды. Ал АҚШ-тың 21 маусымда қақтығысқа кірісуі жағдайды одан сайын күрделендіре түсті. Сенбі күні АҚШ Президенті Дональд Трамп әлеуметтік желіде Иранның Фордо, Натанзе және Исфahандағы атомдық объектілеріне америкалық авиацияның соққы жасағаны туралы хабарлады.

АҚШ-тың бұл қақтығысқа араласуы әлемдік экономикаға да әсер етті. Геосаяси дағдарыс, әсіресе, мұнай нарығын құбылтты. 23 маусымдағы жағдай бойынша, мұнайдың Brent және WTI бағамы соңғы 5 айдағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Brent баррелі 78\$, WTI 75\$ өсті. Бұған дейін Brent 13 қаңтарда 81\$, ал WTI 76\$ болған.

Дегенмен, соңғы 5 жылдағы ең жоғары бағаға жете алмады. 2022 жылы маусымда Brent 119\$, мамырда WTI 116\$ болған. Алайда, сарапшылардың пікірінше, мұнай бағасы әлі өспек. Себебі, Иранның Ормуз бұғазын бұғаттау қаупі бар. 22 маусымда Иранның парламенті осындай шешім қабылдаған. Алайда, әлі толық саяси шешім қабылданбады. Бұғазды бұғаттау туралы Тегеран бұған дейін де мәлімдемелер жасаған. Бірақ мұндай қадамға бармады. Себебі, әскери күш-қуаты әлсіз. Екіншіден, Парсы шығанағының мұнай экспорттайтын барлық елдерін өзіне қарсы қою қаупі жоғары. Қазір де Тегеранның бұғазды жабамыз деген мәлімдемелері саяси манипуляция болуы мүмкін.

Ормуз бұғазы несімен маңызды?

Ормуз Парсы шығанағы мен Оман шығанағын байла-ныстырып тұрған тар теңіз бұғазы. Геосаяси және экономикалық жағынан әлемдегі ең маңызды стратегиялық нүктелердің бірі болып есептеледі. Ұзындығы 39 км, ең тар жері 33 шақырым.

Әлемдегі мұнайдың 20%-ы осы бұғаз арқылы өтеді. Сауд Арабиясы, Ирак, Кувейт, БАӘ, Катар және Ираннан экспортталатын мұнай теңіз жолымен Ормуз арқылы сыртқа шығарылады. Бұғаз арқылы күніне орташа есеппен 18–20 млн. баррель мұнай тасымалданады.

Ормуз бұғазы әлемдік мұнай нарығының маңызды қан тамыры іспетті. Егер ол жабылса, мұнай экспорттайтын ғана емес, оны импорттайтын мемлекеттердің экономикасына ауыр соққы жасалады. Бұл әлемдік экономика-

лық дағдарысқа алып келеді. Ресурс шектеулі болғасын геосаяси қақтығыстар көбеюі мүмкін.

Бюджет тапшылығына оң ықпалы бар

Иран дағдарысы Ормуз бұғазына тәуелді емес өзге мұнай экспорттайтын елдерге оң әсер етуі мүмкін. Себебі, әлемдегі мұнай бағасы өседі. Қазақстан осындай елдердің қатарында. Қазақстандық «Стратегиялық бастамалар форумы» 2019 жылы 10 адам сенгісіз болжам жасаған еді. Онда Иран Сауд Арабиясымен ашық қақтығысқа түсіп, Ормуз бұғазын жауып тастайтыны болжанып. Осылайша мұнай бағасы 200\$-ға көтерілетіні жайлы сарапшылар болжам жасаған болатын. Сарапшылар Сауд Арабиясы емес, Израиль–АҚШ Одағы Иранды осындай қадам жасауға мәжбүрлейтінін болжай алмады. Десе де, осындай сценарий жүзеге асуы мүмкін.

Қазақстанның мұнай экспорты Ормуз бұғазына тәуелді емес. Себебі, басым бөлігі КҚС (80%) арқылы тасымалданады. Бұл еліміздегі бюджет тапшылығы мәселесін шешуі мүмкін. Алайда, бағаның өсуі қысқа уақытқа ғана оң әсер етеді. Себебі, ұзақ уақыттық перспективада экономикалық және геосаяси дағдарыс күшейеді. Бұдан бөлек, Парсы шығанағындағы мұнай ең сапалы болып есептеледі. Ал басқа экспорт көздеріндегі мұнайдың сапасы төменірек. Бұл әлемдегі сұраныстың толық өтелмейтінін білдіреді. Дегенмен, қысқа уақытқа өссе де бюджеттегі кем-кетігімізді жабуға оң әсер етеді.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

АЛМАТЫДА ӨНЕРКӘСІП ӨРІСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Алматы қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар орталығы өнеркәсіп саласындағы жетістіктерді жария етті. Басқарманың есебінен қаладағы өнеркәсіп өндірісінің қарқынды түрде артып жатқанын көруге болады. Айталық, жылдың алғашқы 5 айының өзінде қаламызда өндірілген өнімдердің көлемі 1 триллион теңгеге жуықтаған.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

«СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР...»

Қазір екінің бірінде кредит бар. Қарызы жоқ адам бақытты сияқты. Өйткені, банк өкілі ай сайын мазаңды алмайды, төлей алмасаң есігіңді қақпайды

Қазақта «алаған қолым, береген» дейді. Бұрын ауылда тұрып, қамсыз күн кешіппіз. Қу тіршілік қолды байлап, қаладан нәсіп табуға келдік. Алматы жайнап тұр. Зәулім үйлер, заулаған көліктер. Әсем табиғат, қымбат мейрамхана. Бәрі-бәрі тамаша үйлесімді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алғашқыда аз айлыққа жұмыс жасадық. Әркімнің есігінде жүріп, жетілдік. Сөйтіп жүріп тәуір жұмыс таптық. Бірақ бастапқыда айлығы аз болды. Әйтеуір табыстың 3/1 бөлігін жинадық. Банктің жарнасын күттік. Сөйтіп, 5-6 жылда ипотекаға іліндік. Оған жөндеу жұмысып жасап, ағайын-туысты жинап, ырымдап дұға-тілек жасап кіріп алдық. О, баста ипотека айлықпен бірдей екенін білсек те, пәтерге бергенше өз үйімізге төлеуді жөн көрдік. Жөндеу жұмысына, ипотеканың алғашқы жарнасына басқа банктен кредит те алдық. Жетпеген жеріне гарантты қостық. Осылайша кредит әлеміне еніп кеттік. Ай сайын қос кредитті жабу оңай болмай, шапқылап келеміз. Отбасын да құрып алдық. Енді әулетіңді асырау керек. Жағдайыңды біреуге айтсаң, өзіңнің шаруаң ғой деп жауап береді. Бұл ауылдан қалаға келген жандардың бәрінде бар жағдай. Біз оқиғаның бір шетін ғана айтып отырмыз. Айтылмаған, жазылмаған тағдырлар қаншама!

Қазір біреуден 20–30 мың теңге сұрай қалсаң, «болмай тұр», «жаратып жіберіп едім», «өзім біреуден сұрап алдым», «бәлен-түген» деген жауап естисіз. Иә, әркімнің қажеттілігі әртүрлі. Ешкім ешкімге «мә!» деп бере салуға міндетті емес-ті. Әйтсе де, жаның қиналғаннан сұрайсың ғой. Өзінде



(Cyper: realty.rbc.ru).

болып, ақша әмиянда толып тұрса, телмірмейсің ғой.

Ауылдан кеттік. Іргенді туған елден бөлек салған соң қайта бара қоймайсың. Өзің әне-міне барам деп жүргенде үйленесің. Сол кезде жұбайың, бала-шағаң бармайды. Оларға қиналса да қала дұрыс. Әлбетте, ауылға оралсам, қайтемін деген ой келеді. Онда жұмыс жоқ, тым құрығанда мұғалім мен дәрігерлікті оқымаппыз. Ата-анаңа да ұят келтіресің. Одан да шырғалаңда шыр айналсаң да, мегаполисте ғұмыр кеше беруді құп көресің. Осылай өмір өте береді. Қарбалас, қым-қуып тіршілік. Тіреуің болмаған соң, дымыңды білдірмей күн кешесің. Өзіңнен үлкен жаныңа жолдас адамдардан сұрасаң бәрі бір шабаданмен келіпті. Бәлкім, біз де бір күні еңбегіміз еленіп, қарыздан құтылып, мықты адам қатарына қосылармыз. Бір үміт, бір күдік билейді санамды.

Бұрын ауылда үлкендер «Құдайсыз қурай да сынбайды» дейтін. Ол жағын бала шақта ұқпаппыз. Қазір тұрмыстың жетегіне ерген соң, ұқпаған оқиға қалмай барады. Жақын-жуық адамдар «несие мәңгі емес, бір күні бітеді» немесе «бізде сендей болғанбыз, сен де біздей оңаларсың, шыда» дейді. Айтқандары келсін. Сондықтан тұңғыыққа батып кетпей, оңалудың ретін қараған дұрыс болар. Ақиық ақын М.Мақатаев «шыдай түс, шыда тағы, шыдамдыны мына өмір ұнатады» деп бекер айтпаған.

Біздің ата-әжелеріміз ашаршылықты, соғысты, ақтаңдақ пен тоқырау жылдарды көрді. Бірақ ешқашан мұқалып, сынбады. Соның арқасында қасқайып қиыншылықты жеңіп шықты. Бүгінде бүтін бір әулетке айналды. Сол себепті, біздің де құлап-сүрінсек те, жасқанып қалуға хақымыз жоқ. Бір күні қарыз бітер, қарызсыз қоғамға да жетерміз!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекнұр
ҚИСЫҚОВ,
ЭКОНОМИСТ:НЕСИЕ
ТЕГІН
БЕРІЛМЕЙДІ

Кредит – дүние жүзінде бар. Дереве көлік, үй алғымыз келеді. Бұрын адамдар қаржы жинайтын. Белгілі бір мөлшерге жеткенде қажеттілікке жаратайтын. Шетелде кредиттің пайызы төмен. Небәрі – 3–6%. АҚШ-та 20–30 жылға 6% ипотека рәсімдейді. Бізде 20%-ға жоғары. Ол қарызды қайтару оңай емес. Орасан зор көп қарызды қайтара алмай, халық қарызға батып отыр. Бұның салдары елге зиян. АҚШ, Еуропа елдері кредитке прагматикалық тұрғыдан қарайды. Әуелі тапқанын жинап, сосын табысын есептеп, аса қажет деп тапқан жағдайда ғана үй алады. Бірақ смартфонға, тойға кредит алмайды. Кредитке философиялық тұрғыдан қарайтын кез келді. Мәселен, «қарыз алсам, төлей алам ба?» немесе «осы маған қажет пе, одан да біраз уақыт өтсе де, қаржы жинап алғаным дұрыс» деген сияқты тоқтамға келу керек.

Кезінде Грузия мемлекеті мен олигархы бірлесіп халқының кредитін кешірді. Бізде де «кредит кешірілсе» деп армандайды көбісі. Әлбетте, мейірімділік болғаны дұрыс. Алайда, тәртіпті кредитор өзінің қарызын өтеп жүреді. Ал тәртіпсіз қарыз алушы өтемейді. Егер кредитті кешіріп жіберетін болса, онда жұрт қарызды өтемеуге болады деп төлемей кетуі мүмкін. Сондықтан кредит ойнайтын нәрсе емес, қайта абайлайтын дүние. Бір нәрсені ескерейік. Әлеуметтік аз қамтылған, табысы төмен, көпбалалы жанұяға бірінші кезекте қолдау болу қажет. Қоғамның аз қамтылған отбасыларының, шын мәнінде қарызға батып, шыға алмай отырғандардың кредитін кешіруге болады. Егер кредит алдың ба, онда төле. Ал шамаң жетпесе, жолама! Болды, осындай тәртіп болуы керек.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Хайп қуып, пранкке әуес болғандардың әрекетін құқық қорғау органдары қоғамдық тәртіптің бұзылуы деп бағалап, әртүрлі баптар бойынша жазаға тартып жатыр. Әсіресе, халықты дүрліктіретін, жалған ақпарат тарататын немесе адамның ар-намысына тиетін пранктер қатаң бақылауға алынады. Қазақстан заңнама-сында «пранк» деген термин жоқ, алайда бұл әрекеттерді қоғамдық тәртіптің бұзылуы (ӘҚБҚ-нің 434-бабына) ретінде қарастырады. Заң бұзушылықтың түріне қарай әртүрлі жаза тағайындалады.

Биыл жылдың басында отандық блогер пранк жасағаны үшін сотталып кетті.

Астанада тұрғын үйлердің біріндегі лифт ішінде ойыншық тапаншамен пранк жасаған. Іс материалдарына сәйкес, пранкер тапаншаны лифттегі адамдарға бағыттап, арты жанжалға ұласқан. Блогер лифтте тұрғандардың реакциясын түсіріп, оны әлеуметтік желіге жүктеген. Сот отырысында жас жігіт өз кінәсін мойындамай, ойын-сауық мазмұнындағы бейнеролик түсірдім деп ақталмақ болған. Сценарийге сәйкес, ойыншық қаруды танымайтын адамға тақап, қорқытса, қарақшылық жасауға оқталу ісі ретінде қаралады. Ол шын қару ретінде саналады.

Тағы бір сәтсіз шыққан пранк – биылғы 16 мамырда Астанада тіркелді. Блогер мен оның екі серіктесі тұрғын үйдің лифтісінде «қорқынышты» сценарий құ-

ҚАЛЖЫҢНЫҢ ДА
ШЕГІ БАР...

Пранк жасаймын деп сотталып кетіп жүрмеңіз

Бір апта бұрын Алматыда орынсыз пранк жасаған жігіт 10 тәулікке Әкімшілік қамауға алынды. Желіде тараған видеода жас жігіт пен қыз қоқыс тастап, тазалықшы әйелді балағаттайды. Кейін бұл әрекетінің пранк екенін айтып, кешірім сұрайды. Жәбірленушіге ақша береді. Жұртшылықтың наразылығын тудыратын әзіл-шыны аралас осындай сипаттағы пранктер кейінгі кездері тым көбейіп кетті.

рып, адамдардың үрейін ұшырған. Бірінші видеода олар лифттегі «мәйіт салынған» қапты алып кіріп, азаматтарды әдейі қорқытқан. Екінші видеода біреуі жараланған кейіп танытып, екіншісі балта ұстаған күйде лифтке жүгіріп кіреді. Бұл көріністер кездейсоқ куә болған тұрғындар үшін нағыз психологиялық соққы болды. Қалалық полиция департаменті олардың әрекетін қоғамдық тәртіпті бұзатын және моральға жат іс деп бағалады. Пранк жасап, шектен шыққандарға шетелде заң қатал. Ресейде өткен жылы қазақ азаматтары такси шақырып, пранк ретінде көлікті айдап кеткен. Олардың үстінен қылмыстық іс қозалып, қамауға алынды.

Ресейлік БАҚ-тың хабарлауынша, блогерлер 3,5 миллион рубльге, бұл шамамен 18 миллион теңге бизнес-класс таксиіне тапсырыс жасап, жүргізушіден жүксалғышты ашуды сұраған. Ер адам сыртқа шыққанда, жігіттердің бірі тізгінге отырып, көлікті айдап кеткен. Бірнеше

минуттан кейін олар оқиға орнына оралып, бұл жәй ғана әзіл екенін түсіндірген. Алайда, қазақстандықтарға қатысты Ресей федерациясының Қылмыстық кодексінің 166-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Сол жылдың қараша айында Радмир Хасанов, Айдын Түсіпов және Еркін Думшбай 3,5 жылға бас бостандығынан айырылып, сот залында қамауға алынған. Айта берсе, мұндай сәтсіз пранктер өте көп. Бұл оқиғалар әзіл мен заң арасы қаншалықты жақын екенін көрсетеді. Иә, мүмкін кейбірі күлкі сыйлағысы келетін шығар. Бірақ әзіл-қалжыңның да шегі бар. Әрбір әзіл заңмен өлшенуі керек. Өйткені, кейде ойсыз айтылған қалжың қылмысқа айналып кетуі мүмкін.

Пранк жасағандар қандай жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады және мұның артында психологиялық себептер болуы мүмкін бе, мамандардан сұрап көрдік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлзат ЕРМЕКБАЕВА,
заңгер:Әзіл мен заңбұзушылық арасы
бір-ақ тұтам

Қазір қоғамда жастар арасында пранк түсіру сәнге айналған. Алайда, қалжың мен заңбұзушылық арасы кейде бір-ақ тұтам. «Күлкі сыйлағым келді» деген себеппен қоғамға қауіп төндіру, адамдардың намысына тию, тіпті олардың психологиясына зақым келтіру – бұл әзіл емес, жауапкершілікке тартатын әрекет. Жұртқа күлкі сыйлаймын деп, орынсыз әзілдегендердің ісі ҚР Қылмыстық кодексінің бірнеше бабы бойынша қарастырылады. Мәселен, егер адам «бомба қойылды», «қауіпті індет тарады» немесе «адам өлді» деген секілді жалған ақпарат таратса, бұл – ҚК 274-бабына сай қылмыс. Мұндай әрекет үшін үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сондай-ақ, қоғамдық орында айқайлап, адамдарды қорқытып, балағат сөз айту немесе біреуге қол көтеру – бұзақылық ретінде бағаланады (ҚК 293-бап). Ал пранк кезінде адамның денсаулығына зиян келсе, бұл – дене жарақатын келтіру фактісі ретінде қаралып, 107 немесе 108-бап бойынша жауапқа тартылуы мүмкін.

Бұған қоса, пранк түсірілімдерінің басым бөлігі әлеуметтік желіде жарияланады. Бұл жағдайда тек пранкті жасаған адам емес, оны түсірген және жариялаған адамдар да кінәлі болады. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңға сәйкес, адамның келісімінсіз бейнежазба түсіріп, оны интернетке жүктеу – жеке өмірге қол сұғу болып есептеледі. Яғни біреуді жасырын видеоға түсіріп, оны желіде жариялау заңбұзушылық болып есептеледі. Пранк кезінде біреу шошып, моральдық зиян шегуі мүмкін. Мұндай жағдайда жәбірленуші сот арқылы моральдық және материалдық өтемақы өндіріп ала алады. Кез келген әзілден бұрын рұқсат алу керек. Ешкімнің өміріне қауіп төндірмей, ар-намыс пен қадір-қасиетін құрметтеу керек.

ЖОБА

«ҚАҚПА АЛДЫНДА КЕЗДЕСУ»

Екі бозбала бостандыққа шықты

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты республикалық балалар колониясы (№11 мекеме) кәмелет жасына жетпеген, істі болып, бас бостандығынан айырылған жасөспірімдер жазасын өтейтін жер.

Нұржамал
ӘЛІШ

Олар темір тордың арғы жағында отырғанымен, мемлекет көмегімен орта білім алады, колония аумағында орналасқан кәсіптік мектептен дәнекерлеуші, ағаш ұстасы сынды кәсіп меңгеріп шығады, салауатты



өмір салтын ұстанады, түрлі мәдени, әдеби іс-шараларға қатыстырылады.

Негізгі мақсат – сотты болған балалардың алдағы күндерден күдер үзбеуіне дәнекер болу, жақсы жолға түсу ешқашан кеш емес екенін ұғындыру, олардың жақ-

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бақытгүл МҰСАҚЫЗЫ,
Қазақ психологиялық қоғамының мүшесі,
психолог-психотерапевт:

Психологиялық факторға әкелуі мүмкін

Пранктың артында тек қалжың емес, адам психикасына тікелей әсер ететін факторлар жатады. Әсіресе, әлеуметтік желілердің ықпалынан кейінгі жылдары жастар арасында «күлкі үшін бәрі де болады» деген түсінік қалыптасып кеткен. Бірақ мұндай жағдайдың салдары ауыр болады.

Бүгінде пранк жасаушылар өзін көрсету үшін, желіде көп қаралым немесе оқырман жинау үшін барады. Кейбір адамдар пранк арқылы басқаға билік жүргізіп тұрғандай күй кешеді. Яғни әлдекімді қорқыту, күтпеген жағдайда ұстап алып «жоғарыдан» бақылау – бұл өзін төмен бағалайтын, өмірде сенімсіз адамға уақытша үстемдік сезімін береді. Мұндай мінез көбіне ішкі жан-дүниесіндегі кемшіліктің белгісі. Сонымен қатар, кей пранктарда басқа адамның сезімін елемедің, эмпатияның жетіспеуінің көрінісі байқалады. Бұл, әсіресе, жасөспірімдерде жиі кездеседі. Олар әлеуметтік желідегі танымал блогерлерге еліктеп, топтың ықпалынан шықпай, өздері де солай әрекет етуі мүмкін. Ал пранк құрбаны болған адамның психикасына келер болсақ, мұның әсері көбінесе терең әрі ұзақ мерзімді болады.

Психологиялық тұрғыда пранк – жұмсақ формадағы әлеуметтік агрессия. Адам күтпеген жағдайда қорқынышқа тап болса, ми бұл жағдайды шынайы қауіп деп қабылдайды. Мұның салдары ретінде фобия, ұйқысыздық, күйзеліс, ашу-ыза немесе оқшаулану сезімдері дамуы мүмкін. Әсіресе, ауыр жағдайдан жаңа шыққан, психологиялық күйзеліс күйінде жүрген немесе жасөспірімдер мен қарт адамдарға пранк жасау – олардың психикасына ауыр соққы болуы ықтимал. Тіпті, ұзаққа созылатын психологиялық жараға әкелуі мүмкін. Қоғам алдында масқара болу немесе бейнероликтің әлеуметтік желіге тарап кетуі – сенім, қадір-қасиет пен өзін-өзі бағалауға соққы болып тиеді. Егер екі жақ келісіп, жеңіл әзіл ретінде жасалса, бұл қалыпты ойын түріне жататын еді. Күлкі біреудің есебінен болса – ол күлкі емес, қорлау. Әр адамның психологиялық шекарасын сақтау – басты қағида екенін ұмытпаған абзал.

сы азамат болуына сенім білдіру. №11 мекемесінде «Қақпа алдында кездесу» атты жоба бар. Бұл – істі болып, жазаға кесілген баланың мерзімі аяқталып, оны бостандыққа шығарып салу іс-шарасы. Бүгін екі бозбала темір тордан босатылды. Оларға Алматы қаласының Мансап орталығының бөлім басшысы Айсұлу Бақаева қысқа мерзімді кәсіптік білім алуға, сол арқылы тұрақты жұмыс табуға болатыны және әлеуметтік көмек көрсетілетіні туралы түсіндірді.

Ал №24 қалалық емхананың дәрігері Ләззат Берікқызы екі жасөспірімнің денсаулығын тағы бір тексеріп шықты. Колония аумағындағы №3 жалпы білім беретін мектептің оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары Людмила Васильевна мен Айзада Әбдімәдиқызы да шәкірттеріне сәттілік тілеп, оларды жақсылыққа ұмтылуға шақырды. Ал мекеме бастығының міндетін атқарушы әділет подполковнигі Марат Махамбетов үйіне босатылған жасөспірімдерге алдағы өмірінде енді қылмысқа ұрынбай, қоғамға пайдалы азамат болатындықтарына сенім білдірді.



ОЙТАЛҚЫ

ТАБЫСЫҢЫЗ ҚАНША?

Кедейлік – әлеуметтік-экономикалық мәселелер қатарындағы өзекті тақырып



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Еліміздің ең ірі мегаполисі саналатын шаһарда орташа табыс деңгейі жоғары болғанымен, өмір сүру құны да соған сай – қымбат. Алайда, бұл жағдай қала тұрғындарының әл-ауқатына бірдей әсер етпейді. Өйткені, табысы жоғары адамдармен қатар, күнкөріс деңгейінен төмен өмір сүріп жатқан азаматтар да аз емес.

Дана
САДЫРҚАН

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылғы бағалау бойынша Қазақстандағы жалақының орташа деңгейі 300 307 теңге болды. Жалақының медианалық мәнінің ең көп өсуі Ұлытау облысында – 19,4%, Қостанай облысында – 14,6%, Алматы қаласында – 14,2%, Павлодар облысында – 13,5% көрсеткіште тіркелген.

Соңғы 20 жылда мына өңірлерде кедейлік едәуір қысқарған: Атырау облысы (17 есе), Алматы облысы (16 есе), Жамбыл облысы (14 есе), Қызылорда облысы (13 есе). Ал Астана және Алматы қалалары мен Солтүстік Қазақстан облысында халықтың әлеуметтік деңгейінің төмендеуі 4 есеге азайған. Еліміздегі кедейліктің ең жоғары деңгейі – Түркістан, Маңғыстау облыстары мен Шымкент қаласында тіркеліпті.

Орташа айлық жалақы

Былтырғы мәслихат сессиясында Алматы қаласы экономика басқармасының

басшысы Дастан Өмірбаев алматылықтардың орташа айлық жалақысының 6,1%-ға өсіп, 470 мың теңгеге жеткенін хабарлаған еді. Қала экономикасының «динамикалық түрде дамып жатқанын» атап өткен басқарма басшысы 2025 жылы экономикалық өсімнің 6,4%-ға жететінін сеніммен айтты.

Ұлттық бюроның 2024 жылғы деректері Алматы қаласындағы орташа жалақы 430–460 мың теңгенің айналасында екенін көрсетті. Бұл көрсеткіш басқа өңірлермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Мәселен, Шымкентте шамамен 280–300 мың теңге, Қарағандыда – 350–370 мың теңге, Астанада – 400–420 мың теңге. Дегенмен, бұл салыстырмалы артықшылықты Алматыдағы тұрғын үй бағасының, коммуналдық қызметтер мен азық-түлік құнының қымбаттығы көлеңкелеп тұр.

Ресми деректер бойынша, Алматыда халықтың шамамен 5–7%-ы кедейлік шегінен төмен өмір сүреді. Бірақ бұл дерек әлеуметтік деңгейі төмен тұрғындардың нақты жағдайынан толық хабардар етпейді. Өйткені, көбіне көлеңкелі жұмыс, жалдамалы тұрғын үйлер мен ресми тір-

келмеген табыс көздері статистикадан тыс қалып жатады. Қаржының жетіспеуі студенттер мен жас мамандарда, табысы тұрақсыз жеке кәсіпкерлікпен айналысатындарда, жалғызбасты аналар мен көпбалалы отбасыларда және өзге өңірлерден келген жұмысшылардан құралған ішкі мигранттарда жиі байқалады.

Мемлекеттік бағдарламалар

Алматы мен жалпы республикада халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, «Ауыл – ел бесігі», «Жайлы мектеп», «Ұлттық жоба» бағдарламалары негізінен түрлі өңірлерге бағытталғанымен, Алматы маңындағы агломерация аумағын да қамтиды. Ал аз қамтылған отбасылар мен алғашқы тұрғын үй алушылар үшін «Бақытты отбасы», «Шаңырақ», «7-20-25» ипотекалық бағдарламалары бар. Өкінішке қарай, Алматыдағы жылжымайтын мүлік бағасының шарықтауы бұл бағдарламалардың тиімділігін шектеп отыр. «Жұмыспен қамту жол картасы», «Жастар практикасы» бағдарламалары мансап жолын жаңадан бастайтын жастар мен жұмыссыз жүргендерге арналған. Бірақ бұл бағдарламаларда көңілге қонымды нәтиже аз, себебі көбіне уақытша шешімдермен ғана шектеледі.

Мемлекет шағын және орта бизнесті қолға алған жандарды да назардан тыс

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәдина ШЕНГЕЛБАЙ,
қаржы expertі:Алматыда қосымша табыс
көзін табуға мүмкіндік көп

Қаладағы кедейлік әртүрлі деңгейде деп айта аламын. Себебі, қала аудандарының орналасуы әртүрлі. Қаланың дәл орталығынан кедейлік мәселесін байқамаймыз. Шын мәнінде, Алматы – қымбат қалалардың бірі. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, әлемдегі басқа қалалармен салыстырғанда өмір сүру үшін әжептеуір қиын қала саналады. Пәтер құны, жалдау, азық-түлік, жол жүру салыстырмалы түрде өзге өңірлерге қарағанда қымбат.

Мәселен, бұл мегаполисте пәтер жалдау құны 200 мыңнан жоғары. Сондықтан халықтың тапқан табысы тұрмыстық өмірден артылмайды. Кедейліктің болуы қаржыны дұрыс басқармаудан да туындауы мүмкін. Халықтың табыс көзі жоғары болғанымен, көбі тұтыну мөлшерінен артылмайды. Қаржыны дұрыс басқарғысы келіп, көмегіме жүгінетіндердің қатарында 20–45 жас аралығындағы кісілер жиі келеді. Көбінің басты мәселесі – қарыз. Дегенмен, Алматыда қосымша табыс көзін табуға мүмкіндік көп.

қалдырған емес. «Almaty Business – 2025» қалалық бағдарламасы кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсетіп келеді. Бағдарламаға Алматыда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады. Бір несие алушыға ең жоғарғы сома 180 миллионды, ал номиналды сыйақы мөлшерлемесі белсенді аудандар үшін 7%-ды, белсенді емес аудандар үшін 5 пайызды құрайды. Берілетін қарыздардың 80%-дан астамы әлеуметтік салаға, өнеркәсіп пен жаңашыл бағыттағы экономикаға тиесілі. Алайда, түрлі әкімшілік кедергілер мен құжаттық рәсімдерден кейін бұл бағдарламадан үмітін үзгендер де баршылық.

Әлеуметтік қолдау жүйесі

2025 жылдан бастап әлеуметтік кодекс аясында, халықтың орташа жалақы мөлшері негізінде, кедейлік шегінің мөлшерін есептеу әдістемесі енгізілгені белгілі. Бұл шара табысы аз тұрғындарға әлеуметтік көмек мөлшері ретінде оң әсер етеді. Премьер-министр Олжас Бектенов атап өткендей, бүгінде елімізде мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары, салық салу кезіндегі жеңілдіктерді қамтитын балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың тұтас жүйесі жұмыс істейді. Бұл ретте республикалық бюджеттен мемлекеттік жәрдемақылардың 5 түрі және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдердің 2 түрі төленеді.

Мемлекеттің азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелері жыл сайын өсіп келеді. Бүгінгі таңда Қазақстандағы әлеуметтік саланы дамытуға арналған бюджет 60%-ды құрайды. Айлық табысына қарамастан барлық жанұяға бала туу кезінде, бала күтімімен үйде отырған әйелдерге, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеуге, төрт және одан да көп кәмелет жасқа толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

Жоғарыда атап өткендей, Алматыдағы орташа табыс деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, бұл қалада кедейлік мәселесі әлі де өткір күйінде қалып отыр. Бірақ кейінгі жылдармен салыстырғанда алып шаһардағы кедейліктің «жасарып» келе жатқанын да айта кету керек. Қаладағы өмір сүру құны тым жоғары, кейде ел азаматтары үшін мемлекеттік бағдарламалардың қолжетімділігі мен тиімділігі шектеулі, ал мемлекет тарапынан жүйелі бақылау мен нәтижені бағалаудың әлсіз екені байқалса да, көш соңында қалғысы келмейтін жұрттың тіркектеп болса да, қосымша табыс табудың жолын іздейтіні қуантады.

АЛМАТЫЛЫҚТАР НЕ ДЕЙДІ?

Адалят МАДАЛБАЕВА,
көпбалалы ана:

Мемлекеттен көпбалалы ана ретінде жәрдемақы аламын. Қазіргі таңда, әсіресе, Алматыда баға қымбат әрі өмір сүру үшін ақша ауадай қажет болғандықтан, жұбайым екеуіміз күні-түні жұмыс істеп жүрміз. Баланы өзіміз үшін тапқандықтан, мемлекеттен көп нәрсе күтпеймін. Коммуналдық қызметтерге айына 35 мың теңге, бала-шағаның тамағына, киіміне 200 мыңға жуық қаражат кетеді. Ел қатарынан қалмай, еш нәрседен тартып жүруге тырысамыз.

Мөлдір ТӨЛЕБАЙ,
жалғызбасты ана:

Бес қызымды бір өзім бағып-қағып отырған жалғызбасты анамын. Мемлекеттен көпбалалы анаға берілетін көмек пен мүмкіндігі шектеулі 12 жасар екінші қызыма арнайы жәрдемақы аламын. Бірақ неге екені белгісіз, екінші қызыма алып жүрген атаулы әлеуметтік төлем екі айдан бері тоқтап қалды. Жұмыс істеп, қосымша табыс табайын десем, қыздарыма қарайтын адам жоқ.

ДӘРУГЕР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ ЖАНҒА ДЕМЕУ

Алматыда «Қамқорлық» ерте араласу
мекемесі ашылды

Алматы қаласындағы «Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» жанындағы емханада «Қамқорлық» ерте араласу орталығының салтанатты ашылуы өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазір қалада 676 693 бала тұрады, оның 7460-ы мүгедектігі бар балалар. Ең көп таралған патологиялар – церебральды сал ауруы, психомоторлық және сөйлеу дамуының кешігуі, жүйке жүйесінің гипоксиялық-ишемиялық зақымдануының салдары, тірек-қимыл жүйесінің туа біткен патологиялары. Бұл орталық 3 айдан 3 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балаларға медициналық оңалту көмегін көрсетуге арналған. Алматы қаласы әкімдігі, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, «Самұрық-Қазына» АҚ және Нұрсұлтан Назарбаев қорының бірлескен жобасы.

Аумағы 426 м² болатын орталықта заманауи жабдықталған бөлмелер іске қосылды. Атап айтқанда, шунгит бөлмесі, тұзды, релаксацияға арналған иммерсиялық ванна, баланың моторикасы мен эмоционалдық дамуына арналған сенсорлық бөлме бар. Емдеу бағдарламалары мультидисциплинарлы мамандар тобы – невролог, реабилитолог, неонатолог, физиотерапевт, емдік дене шынықтыру дәрігері, логопед және дефектолог тарапынан әр балаға жеке әзірленеді.

Орталық бір мезгілде 50 баланы күндізгі стационар жағдайында қабылдап, әрқайсысына 21 күндік емдеу курсынан өтуге мүмкіндік береді. Мұнда жылына шамамен 600 бала көмек алады. Барлық қызмет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетіледі.

Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасын-

да ашылған бұл орталық қаланың негізгі медициналық кластері ретінде саналады. 2022 жылдан бастап Ұрықты қорғау орталығы табысты жұмыс істейді. Мұнда жыл сайын 8000-нан астам жүкті әйел ультрадыбыстық диагностикадан өтеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның басқарушы директоры Ғибрат Ауғановтың айтуынша, бүгінде еліміз бойынша үш жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған барлығы 46 орталық жұмыс істейді. Олардың барлығы Қазақстанның 17 өңірінде орналасқан.

«Осы 46 орталықта 17 мыңнан астам ерекше бала түрлі бағыттағы көмек алып отыр. Кейінгі бес жылда бұл орталықтарда 4 мыңнан астам бала алғашқы қадамдарын жасап, 2 мыңға жуық бала сөйлей бастаған. Мұндай нақты нәтижелер бізді жігерлендіреді және осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруға серпін береді. Жылдың соңына дейін кемінде 8 жаңа оңалту орталығын ашу жоспарда бар. Оның бесеуі – жаңа форматта болады. Бұл шешім ата-аналардың сұранысы мен өңірлерден түскен ұсыныстар негізінде қабылданып отыр.

Сондай-ақ, инклюзия кабинеттерін ашу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Мысалы, Астана қаласында – 10, Ақмола облысында – 4 инклюзия кабинеті жұмыс істеп тұр. Жыл соңына дейін 16-17 мәдени-музейлік инклюзия нысандарын іске қосу жоспарланған. Самұрық-Қазына қоры қайырымдылық бағдарламасы аясында денсаулық сақтау, білім беру, бұқаралық спорт және мәдениет салаларын қолдауға басымдық беріп келеді», – дейді Ғибрат Ауғанов.

АДАЛ АЗАМАТ

Амантай қажы АСЫЛБЕК:

АҚИҚАТТАН АТТАМАУ – әлеуметтік жауапкершілік



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ел ардақтысы – Амантай қажы Асылбек тағдырдың талайлы жолын бастан кешкен, әркез халқының мүддесін ұлықтап жүрген жан. Осынау жылдар ішінде халқын адалдыққа үндеп, имандылыққа баулып, өмір бойы дін мен руханият жолында қызмет етіп келеді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Мекке мен Мәдинаға он рет қажылық сапармен барып, мыңдаған адамға жол көрсетті. Қарапайым халыққа Меккеден 5000 құран, 1000 тәспі, 300 литр зәмзәм суын, 100 жайнамаз әкеліп таратып, қайырымдылық шараларын жасап, адалдықтың үлгісін көрсетіп жүр. Бүгінде ол қажы ғана емес, есімі рухани ұстаз ретінде де қазақ қоғамына танымал азамат. Түрлі шетелдерден келген мүфтилер мен дінба-

сылары оны «Қазақстан сұлтаны» деп атап, құрмет көрсетуі тегін емес.

Қайраткер тұлғаның айтқан әрбір естелігі – бір адамның ғана өмір жолы емес, тұтас ұлттың өткені мен бүгінгісін жалғайтын шындықтың шежіресі іспетті. Биыл еліміз Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының 115 жылдығын атап өтсе, маусым айында батырдың өмірден өтуіне орай, еске алу шарасы болды. Сол шара барысында Амантай қажы өзінің естеліктерімен бөлісті. Ел ағасының әкесі Хан-темір Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Өзінің айтуынша, ол бала кезінен әке зиратын іздеп, талай жылы сағынышпен өткен. Отбасындағы бауырлары да қара жаяу болмады. Олар да әке рухын ардақтап, елі үшін еңбек етті.

Ұлы Жеңіске орай ұйымдастырылған бір кездесу барысында қазақтың хас батыры – Бауыржан Момышұлымен кездескенін ілтипатпен еске алады ағамыз. Амантай қажы сонау 1982 жылдың 9 мамырында батырмен жүздесіп, батасын алған өмірінің маңызды сәтін есінен шығарған емес. Сол жолы Баукең: «Сен туған баламыздан да артықсың» деп ерекше тебіренгенін қалай ұмытуға болады. Сесі басым батырдың осы бір ауыз сөзін Амантай қажы ғұмыры бойы жүрегінде сақтап келеді. Сол жылы Баукең дүние салып, ел болып шығарып салды. Жаппай қоштасуға жиналған халықтың арасында Амантай қажы да болып, Баукеңнің сүйегін жер қойнына тапсыру рәсіміне қатысқанын үлкен жауапкершілік деп бағалайды. Ол қазіргі қоғамдағы кейбір әділетсіздіктер мен шындықты бұрмалаулармен күрес – әрбір азаматтың ұлтқа қызмет етудегі азаматтық борышы деп біледі. «Әділдікті айту, ақиқаттан аттамау – әлеуметтік жауапкершілік. Мен саясаткер емеспін, бірақ қашанда ұлтыма адал қызмет етемін. Шындық – қашанда бәрінен биік, дара тұруы тиіс», – дейді Амантай қажы.

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

қолжетімді бола түседі

23 маусымда Алматы қаласындағы «Нархоз» университетінде өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды ерте анықтау және қолдау көрсету бойынша мобильді топтардың мүшелеріне арналған оқыту семинары басталды.



Дана
САДЫРҚАН

Семинардың алғашқы күні оқыту іс-шарасына білім басқармасының өкілдері, білім беру мекемелерінің басшылары, әлеуметтік педагогтар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің өкілдері қатысты.

Аталмыш іс-шара Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің бастамасымен Socium цифрлық платформа-сы және FSM Social мобильді қосымшасын енгізу аясында ұйымдастырылып отыр.

Айта кетейік, семинар барысында Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Алматы қаласының Отбасыны қолдау орталығы» КММ, аудандық және жергілікті атқарушы органдардың, әлеуметтік сала, білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау мекемелерінің мамандарына жаңа модельді тиімді қолдану тәсілдері бойынша оқыту жұмыстары өткізіледі.

Басты мақсат – Алматы қаласында

мемлекеттік қолдау іс-шараларын үлестіру моделін енгізу. Бұл модель Socium ақпараттық жүйесі мен FSM Social мобильді қосымшасын іске қосу арқылы әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтарға көрсетілетін көмектің қолжетімділігін және дәлдігін арттыруға бағытталған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ақмолжан ЗАРИПОВ,
«Алматы қаласының Отбасыны қолдау орталығы»
директорының орынбасары:**

**ДӘРІС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ
МАҢЫЗДЫ**

Қиын жағдайға тап болған отбасыларды алдын ала анықтап, оларға дер кезінде қажетті көмек көрсету үшін осы семинарды ұйымдастырдық. Бұл бағыттағы оқыту жұмыстары республикалық деңгейде жүргізіліп жатқанымен, Алматы қаласында алғаш рет өтуде. Іс-шараға білім беру мекемелерінің басшылары мен педагогтары, жергілікті полиция қызметі, ювеналды полиция және әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бөлімдерінің қызметкерлері атсалысуда. 25 маусымда болатын семинардың соңғы күні денсаулық сақтау басқармаларының, аудандық емханалардың және алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының мамандарына арналады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Әсия АҚАНОВА,
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:**

Ерекше балаға – ерекше көңіл

Бұл орталық – стационарлық және амбулаториялық форматта жұмыс істейтін заманауи мекеме. Яғни балалар мұнда тұрақты түрде келіп, қажетті ем-шаралар ала алады. Мұнда үш басқарманың – Қоғамдық денсаулық сақтау, Білім және Әлеуметтік қорғау басқармаларының өзара үйлесімді жұмысы негізінде біртұтас регламент жасалып, бірыңғай қызмет көрсету әдісі қалыптасты. Біздің басқарманың тарапынан медициналық көмек орталықтың базасында көрсетіледі.

Мысалы, перинатология немесе балалар кардиохирургиясы саласында жүктілік кезінде ұрықта ақау анықталса, қажет жағдайда ота жасалып, дүниеге келген соң, сәби алғашқы айларынан бастап осы орталықта сапалы медициналық оңалту қызметін ала бастайды. Бұл – өте маңызды, себебі өмірінің алғашқы 3–6 айы – ең сезімтал, ең нәтижелі кезең.



БАҒДАРЛАМА

«ЖАСЫЛ ЕЛ» – ЖАСТАР ТІРЕГІ

«Жасыл ел» еңбек жасағының басты мақсаты – жалынды жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету. Екінші жағынан, экологиялық тәрбиені насихаттай отырып, туған жер мен табиғатқа деген патриоттық сезімін ұштай түсу.



Дана
САДЫРҚАН

«Жасыл елді» жастар тірегі десек, жаңылмаймыз. Аталған бағдарлама аясында былтыр 40 мыңға жуық адам жұмысқа орналасты. Аталмыш бағдарламаға 14–35 жас аралығындағы мектеп оқушылары, студенттер және жұмыссыз жүрген жастар қатыса алады. Жұмысқа жұмылдырылған жастардың жалақысы таңдаған бағытына байланысты 65–70 мың теңгеден басталып, 100–110 мың теңгені құрайды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, 18 жас-тан асқандар күніне 8 сағат жұмыс істесе, 14 пен 17 жас аралығындағы кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге денсаулығына зиян келмейтіндей 4 сағаттық ауыр емес шаруалар жүктеледі. Ересектер ағаш отырғызу, талдар мен көшеттерді қопсытып, суару арқылы табиғат пен қала келбетінің арасына үндестік орнатады. Ал оқушылар саябақтар мен өз мектебінің ауласын абаттандыру, мектепке қарасты аймақтарды тазалау жұмыстарымен шұғылданады.

Биыл Алматыда ерекше қорғалатын аумақтарда жұмыс істеуге баса назар аударылуда. Мәселен, «Жасыл елдің» бастамасымен алғаш рет Іле Алатауы ұлттық паркінде қызу жұмыс жүргізіліп, табиғат сақшылары Медеу, Көк-Жайлау, Үлкен Алматы көлі секілді танымал туристік маршруттарды тазалаумен айналысуда.



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асқар ТӨЛЕГЕН,
№31 орта мектептің оқушысы:

ЕҢБЕКТІҢ ҚАДІРІН БІЛГЕН ДҰРЫС

Үш ай жазғы демалыста құр сенделіп жүргім келмейді. Ата-анам да еңбек етіп, қосымша қаржы табуыма қарсылық білдірген жоқ. Еліміздің болашағы үшін де жастардың еңбекке ерте араласқаны дұрыс. Әке-шешеме салмақ салмай, ұсақ-түйек керек-жарағымды өзім тапқым келеді. Бір жағынан, еңбектің қадірін білгеніміз дұрыс.

Еңлік ЕЛЕМЕС,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің студенті:

ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ
БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Біз жатақханамыздағы, оқу ғимаратымыздағы, тіпті қаладағы сенбіліктерге де жиі қатысамыз. Ал «Жасыл ел» еңбек жасағына былтырдан бері атсалысып келемін. Бұл ісімді табыс табу көзі ретінде емес, қала өмірінің жандануына, көркейіп, одан әрі гүлдене түсуіне қосқан үлесім деп түсінемін. Мемлекет жастар үшін талай игілік жасап жатыр, соның қайтарымы ретінде мен де қоғамға пайданың тиіп жүргеніне қуаныштымын.

Айжан НҰРҚИЯС,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің студенті:

БАУЫРЛАРЫМА
ҮЛГІ БОЛАМЫН

Үйде алты баламыз. Мен – тұңғышымын. Осы күнге дейін ата-анам менен қолдауын да, қаражатын да аяған емес. Соңымнан бауырларым өсіп келеді. Оларға үлгі болу үшін мен де еңбекке араласып, қаржы табу, отбасыма қолдау көрсету мақсатында «Жасыл ел» еңбек жасағына кірдім. Одан алған табысыма ізімнен ерген бауырларыма қалаған затын алып беріп қуантсам, ол да бір мәртебе болар еді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



СУЫ ТОЛЫП, СӘНІ АРТҚАН САЙРАН

Алматыда кең ауқымды экологиялық акция өтті

Күрделі жаңғыртудан өткен Сайран көлі жағалауында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауқымды сенбілік өтті. Іс-шараның мақсаты – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қоғам назарын аудару. Игі бастаманы әншілер, актерлер, ақындар мен жазушылар, т.б. мәдениет пен өнер өкілдері қолдады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Сайран көлі – жаңарып, түрленген демалыс аймағы. Мұнда қала тұрғындары мен қонақтары табиғат аясында тынығып, отбасымен, достарымен жақсы уақыт өткізе алады», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков құттықтау сөзінде.

Сенбілікке Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, белгілі эстрада әншісі Жұбаныш Жексенұлы, театр және кино актері, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Ұлан Нүсіпәлі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Тушаев, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері Бекнұр Қисықов, Алматы циркінің артистері, Гиннестің рекордтар кітабына енген акробаттар Батыр Жанұзақ пен Марлен Маратов қатысты. Сондай-ақ, іс-шараға ақын Мұратхан Шоқан, театр және кино актрисалары Лиза Серікова мен Камалия Байтілеуова, әншілер Тахмина Әшімбекова, Кеңес Әлімжан, Гарифа Игісінова, Димаш Дәулетов, «Жаңа ғасыр» театрының артистері және өзге де мәдениет қайраткерлері мен өнер майталмандары қатысты. Олар жастарды экологиялық жауапкершілікке баулудың маңызын ерекше атады.

«Табиғат – бізге аманат. Осындай көркем жерлердің, жалпы қоршаған ортаның тазалығын сақтау – келешек ұрпақ алдындағы борышымыз. Барымызды бағалай білейік», – деді ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, белгілі әнші Жұбаныш Жексенұлы.

Актриса Камалия Байтілеуова мұндай игі істер тұрақты түрде ұйымдастырылады деп сенеді.

«Сайрандағы сенбілік қоқыс тазалау шарасы ғана емес, бұл қала тұрғындарының қоршаған ортаға деген жауапкершілігінің символына айналды. Осындай бастамалар жиілеп, Алматының көркеюіне бей-жай қарамайтын азаматтар көбейе түседі деген үміттемін», – деді Камалия Байтілеуова.

Жалпы, Алматының барлық 8 ауданында жергілікті экосенбіліктер өтті. Жалпы, 11 мыңға жуық адам қатысты. 275 арнайы техника жұмылдырылып, 1460 текше метрден астам қоқыс шығарылды.

Театр және кино актері Бақыт Тушаев алматылықтар табиғатқа сөзбен емес, нақты іспен жанаушылық танытуы қажет екенін айтты. Жұлдыздармен бірге іс-шараға «Жасыл ел» жасағының сарбаздары, еріктілер мен комьюнити-орталықтардың мүшелері – барлығы 1000-нан астам адам атсалысты.

124 қоқыс жәшігі орнатылды

Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының мәліметінше, Сайран су қоймасында демалыс аймағын кезең-кезеңімен көріктендіру жұмыстары

жүргізіліп жатыр. Аумағы ресми түрде ашылмаған нысан әлі пайдалануға берілмеген және көркейтудің бірқатар элементі, соның ішінде қоқыс жәшіктері мен шағын сәулет пішіндер орнату сатысында тұр. Барлық қайта жаңарту кезеңдері аяқталған соң бұл аумақ қажетті инфрақұрылыммен толық жабдықталады: жарықтандыру, демалыс аймақтары және бейнебақылау жүйелері қарастырылған.

Күн сайын Сайран көлінің аумағында 40 қызметкер тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоқыс шығару жұмыстарын атқарады. Орта есеппен тәулігіне шамамен 5 тонна тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Келушілердің жайлылығы мен санитарлық тәртіпті сақтау мақсатында аумаққа 124 қоқыс жәшігі орнатылған.

Күн сайын 3-4 мың адам келеді

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласының

Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті және Құтқару қызметінің қызметкерлері күн сайын халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жүзуге тыйым салынғаны туралы ақпарат беретін қоршау мен ескерту белгілері орнатылған.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қоғамдық тәртіптің бұзылу фактілері әлі де тіркелуде: азаматтар көл аумағындағы тәртіп ережелерін бұзып, көгалдандыру элементтеріне және шағын сәулет нысандарға зиян келтіруде, қоқыс қалдырып кетіп жатыр. Мұндай әрекеттер құрылыс және көркейту жұмыстарын айтарлықтай қиындатып, жоспарланған шаралардың іске асуын баяулатады. Осыған байланысты 2025 жылы 21 маусымда, сағат 10.00-де Сайран су қоймасының аумағын көркейту және санитарлық жағдайын сақтау аясында су айдынын және оған іргелес аумақты тазалау бойынша сенбілік өткізу жоспарланған.

Сондай-ақ, басқар-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы:

Жыл бойы жалғасатын маңызды шара

Бала кезімізден бері «Шіркін, Алматыда үлкен бір жағажай болса ғой» деп армандайтынбыз. Сол арманның бір ұшы осы жерде жатқандай. Жыл сайын мұнда қаншама халық келіп, суға түсіп, тынығып, демалғысы келеді. Алайда, санитарлық талаптар мен түрлі кедергілер бұл мүмкіндікті шектеп келді.

Міне, кейінгі жылдары Алматы қаласының әкімдігі бұл аймақты қолға алып, абаттандыру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Көркейтіп, халықтың пайдалануына қолайлы етіп беріп жатыр. Әрине, бітпеген тұстары әлі де көп, құрылыс, тазалық жұмыстары жалғасуда. Бірақ соған қарамастан, халық демалып жүр. Бүгін мені осы жерге Алматы қаласы кітапханалар жүйесінің өкілдері арнайы шақырды. Біз, жазушылар, кітапханашылармен өте тығыз байланыстамыз.

Сайранда мұндай деңгейде су толтырылып, жағажайы жөнделгенін бұрын көрген емеспін. Бұл – қала тұрғындары мен қонақтары үшін керемет мүмкіндік. Енді Сайран жағажай ретінде де, суға түсетін орын ретінде де кеңінен пайдаланылады деп сенемін. Халық осында демалып, денсаулығын түзейді.

Бүгінгі сенбілік – «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтіп жатыр. Бұл жыл бойы жалғасатын маңызды шара. Бүгін бізге берілген тапсырма – Сайран көлінің жағасын, құрылыс қалдықтарын, басқа да қоқыстарды тазарту. Яғни осы маңды ретке келтіру – біздің еншімізде. Өнер адамдары, жазушылар, актерлер, мәдениет саласының қызметкерлері – бәрі осы сенбілікке атсалысып жатыр.



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 5 маусымдағы №217 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 18 маусымда №211288 болып тіркелді.	
ШЕШІМ	
2025 жылғы 5 маусым	№217
Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 «Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы	
Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ: 1. Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 «Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішін-де 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін: 1) кірістер – 2 055 816 717,2 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 1 837 021 828,7 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 29 931 592,8 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 22 401 171,7 мың теңге; трансферттер түсімдері – 166 462 124 мың теңге; 2) шығындар – 2 367 411 704,2 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 55 620 932,9 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 71 391 284 мың теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 74 132 784 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 438 607 203,9 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 438 607 203,9 мың теңге»; 6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 33 330 956 мың теңге сомасында бекітілсін»; 7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «7. Қорғаныс шығындары 19 187 862 мың теңге сомасында бекітілсін»; 8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 66 932 090 мың теңге сомасында бекітілсін»; 9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «9. Білім беру шығындары 605 310 472 мың теңге сомасында бекітілсін»; 10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «10. Денсаулық сақтау шығындары 82 200 489 мың теңге сомасында бекітілсін»; 11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 74 089 365 мың теңге сомасында бекітілсін»; 12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 614 034 450 мың теңге сомасында бекітілсін»; 13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 99 224 509 мың теңге сомасында бекітілсін»; 14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 21 200 934 мың теңге сомасында бекітілсін»; 15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жа-нуарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 35 132 598 мың теңге сомасында бекітілсін»; 16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 9 332 723 мың теңге сомасында бекітілсін»; 17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «17. Көлік және коммуникация шығындары 392 782 842 мың теңге сомасында бекітілсін»; 18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «18. Басқа да шығындар 194 162 492 мың теңге сомасында бекітілсін»; көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 5 маусымдағы №217 шешіміне қосымша

Алматы қаласының 2025 жылға арналған бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге	
	Сыныбы		Атауы			
		Ішкі сыныбы				
			Специфика			
1					2	3
				I. Кірістер	2 055 816 717,2	
1				Салықтық түсімдер	1 837 021 828,7	
	01			Табыс салығы	1 319 924 587,0	
		1		Корпоративтік табыс салығы	651 052 541,0	
		2		Жеке табыс салығы	668 872 046,0	
	03			Әлеуметтік салық	358 038 585,0	
		1		Әлеуметтік салық	358 038 585,0	
	04			Меншікке салынатын салықтар	68 149 144,7	
		1		Мүлікке салынатын салықтар	40 815 410,0	
		3		Жер салығы	3 969 029,0	
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	23 362 897,0	
		5		Бірыңғай жер салығы	1 808,7	
	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	58 700 286,8	
		2		Акциздер	22 069 371,0	
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	7 594 646,8	
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	29 036 269,0	
	07			Басқа да салықтар	1 385,2	
		1		Басқа да салықтар	1 385,2	
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	32 207 840,0	
		1		Мемлекеттік баж	32 207 840,0	
2				Салықтық емес түсімдер	29 931 592,8	
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 547 409,7	
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	589 667,3	
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	456 882,0	
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	441 974,0	
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 471 598,0	
		6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	552 083,3	
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	35 205,1	
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	5 337,3	
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	5 337,3	

	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	19 088,1
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	19 088,1
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	20 033 372,7
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	20 033 372,7
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	5 326 385,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	5 326 385,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	22 401 171,7
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	17 949 067,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	17 949 067,0
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 452 104,7
		1		Жерді сату	3 737 611,0
		2		Материалдық емес активтерді сату	714 493,7
4				Трансферттердің түсімдері	166 462 124,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	166 462 124,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	166 462 124,0

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 шешіміне 1-қосымша

Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама	Атауы		
				II. Шығындар	2 367 411 704,2
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	33 330 956,0
		111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	374 154,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	374 154,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 092 177,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	5 088 377,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 800,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	7 714 718,0
			001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	5 034 658,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 680 060,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	280 686,0
			013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	280 686,0
		379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	1 017 966,0
			001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	980 395,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	37 571,0
		318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	13 812 625,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	653 567,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 413 600,0
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	85 000,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	64 458,0
			028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	10 596 000,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	668 458,0
			001	Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	565 449,0
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	89 659,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 350,0
		510		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы	2 311 020,0
			001	Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 119 994,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 794,0
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	189 232,0
		369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	2 059 152,0
			001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 575 971,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 501,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	480 680,0
02				Қорғаныс	19 187 862,0
		519		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы	2 361 391,0
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	202 993,0
			004	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	2 158 398,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	580 649,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	580 649,0



Басы 10-бетте.

		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	2 295 167,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	2 127 023,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	168 144,0
		519		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы	13 950 655,0
			001	Жергілікті деңгейде сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 242 499,0
			005	Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру	371 948,0
			006	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	7 686 211,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 369 997,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	280 000,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	66 932 090,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	42 380 852,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	37 232 006,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 130 846,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	9 488,0
			021	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	9 488,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	24 541 750,0
			004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	24 541 750,0
04				Білім беру	605 310 472,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	43 168 615,0
			029	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	43 168 615,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	44 008 264,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	44 008 264,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	16 613 410,0
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	5 402 471,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	11 210 939,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	10 103 342,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 683 163,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 420 179,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	268 899 773,0
			003	Жалпы білім беру	69 497 931,0
			004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	8 487 443,0
			005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 712 266,0
			008	Балаларға қосымша білім беру	12 004 724,0
			019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000,0
			040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	159 745 336,0
			204	Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	16 384 073,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	141 292 442,0
			027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	4 040 007,0
			028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	37 782 714,0
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	25 847 981,0
			205	«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	73 621 740,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	3 587 733,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 587 733,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	55 663 345,0
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	55 663 345,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	6 323 502,0
			046	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 323 502,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	10 965,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	10 965,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 100 000,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 100 000,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 025 877,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 025 877,0

		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	13 513 204,0
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	699 901,0
			006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	2 004 426,0
			007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 591 130,0
			009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 408 145,0
			013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	3 105 788,0
			014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	373 644,0
			021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	420 607,0
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	2 367,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 553 529,0
			069	Балалар құқығын қорғау саласында іс-шаралар өткізу	353 667,0
05				Денсаулық сақтау	82 200 489,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	14 350 283,0
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	297 331,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	60 959,0
			017	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 323 259,0
			041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	12 668 734,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	29 635 387,0
			009	Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	1 347 927,0
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	28 287 460,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	4 971 391,0
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	4 971 391,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	839 648,0
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	839 648,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	54 060,0
			029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	54 060,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	32 349 720,0
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	490 266,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	93 806,0
			016	Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	7 273,0
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	224 630,0
			030	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	7 457,0
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	31 526 288,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	74 089 365,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	3 198 135,0
			056	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 198 135,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	11 882 983,0
			014	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 873 556,0
			020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	4 424 326,0
			021	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 507 462,0
			022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 418 697,0
			029	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	3 893,0
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	655 049,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 674 692,0
			016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 206 987,0
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	467 705,0

Басы 10-11-беттерде.

		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 215 000,0
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	1 215 000,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	24 486 944,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 050 526,0
		030	Тұрғын үй көмегін көрсету	30 353,0
		031	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	6 040 247,0
		033	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	10 527 936,0
		035	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	5 837 882,0
		317	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	7 580 714,0
		017	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	7 580 714,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	16 308 105,0
		003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	13 830 700,0
		009	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	1 644 141,0
		016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	833 264,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 519 396,0
		036	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	29 422,0
		037	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 902 974,0
		039	Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	587 000,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	49 159,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	49 159,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 318 237,0
		001	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	734 258,0
		019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 889 414,0
		026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 858,0
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	417 350,0
		062	Біліктілік жүйесін дамыту	2 528,0
		066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	16 027,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	241 802,0
		511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	1 856 000,0
		054	Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	856 000,0
		068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 000 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	571 534 450,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	5 091 751,0
		050	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	5 091 751,0
		351	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	121 146 933,0
		010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	121 146 933,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	114 304 498,0
		012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	12 108 150,0
		017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	6 881 930,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	95 314 418,0
		511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	11 686 323,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 727 591,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 259 120,0
		008	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 641 540,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	58 072,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	442 419,0
		008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	442 419,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	64 362 868,0
		042	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	62 725 640,0
		043	Қаланы абаттандыруды дамыту	1 637 228,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	73 837 557,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	601 394,0
		007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	71 977 800,0

			016	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14 080,0
			028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	497 384,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	746 899,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	9 354 688,0
			017	Қаланы абаттандыруды дамыту	9 354 688,0
		520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	10 697 295,0
			001	Жергілікті деңгейде қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	189 824,0
			002	Қаланың қоғамдық кеңістігінің элементтері болып табылатын құрылыстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	10 507 471,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	131 232 968,0
			008	Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру	14 750 303,0
			009	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	29 325 888,0
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	1 038 366,0
			011	Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	86 118 411,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	124 462,0
			041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	124 462,0
		520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	29 252 688,0
			003	Қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру	29 252 688,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	99 224 509,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	10 805 510,0
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	2 000 000,0
			044	Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	8 805 510,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	15 157 179,0
			004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	9 235 651,0
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 258 468,0
			006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	2 000,0
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	3 287 924,0
			008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 373 136,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	15 207 116,0
			014	Мәдениет объектілерін дамыту	15 207 116,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	8 257 500,0
			046	Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	8 257 500,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	14 513 140,0
			001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	228 488,0
			002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 243 034,0
			003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	12 041 618,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 593 627,0
			015	Спорт объектілерін дамыту	1 593 627,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	56 000,0
			009	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	56 000,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	12 235 389,0
			001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 229 922,0
			009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 467,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	5 348 070,0
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	5 348 070,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	4 729 564,0
			009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 479 974,0
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	1 249 590,0
		380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	5 335 128,0
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	213 754,0
			002	Туристік қызметті реттеу	5 111 959,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 415,0
		302		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	3 196 214,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	517 046,0
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2 633 488,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	45 680,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	1 238 905,0
			001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	1 206 640,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	26 435,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 830,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 551 167,0
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	244 246,0

Соңы. Басы 10-11-12-беттерде.

			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 306 921,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	21 200 934,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	21 200 934,0
			012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	21 200 934,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	35 132 598,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 457 490,0
			011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	29 177,0
			014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	698 225,0
			016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	82 098,0
			021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	19 600,0
			022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	628 120,0
			034	Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	270,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	909 627,0
			009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	909 627,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	32 263 835,0
			001	Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	515 172,0
			004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	15 116 147,0
			005	Экожүйе объектілерін дамыту	15 330 179,0
			006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	851 247,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 500,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	447 590,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	501 646,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	397 374,0
			008	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20 972,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	83 300,0
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9 332 723,0
		319		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы	4 844 543,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	683 402,0
			002	Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	4 153 009,0
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 132,0
		324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	478 210,0
			001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	455 672,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 538,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	4 009 970,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 009 970,0
12				Көлік және коммуникация	363 647 602,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	8 607 279,0
			045	Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу	8 607 279,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	138 163 072,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	91 908 578,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	46 254 494,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	216 877 251,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	591 827,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	13 676 235,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	85 071 835,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	73 333,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	117 464 021,0
13				Басқалар	128 164 948,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	34 303 398,0
			005	Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау	1 770 758,0
			017	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	30 000 000,0
			018	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру	1 600 000,0
			060	Креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлікті дамыту, креативті кеністіктерді инфрақұрылымын құру үшін қаржыландыру және жағдайлар жасау	732 640,0
			082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру	200 000,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	4 346 774,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	4 346 774,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	567 484,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	567 484,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	265 415,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	265 415,0

		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	3 419 313,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 557 681,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24 325,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	1 505 007,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	332 300,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	44 230 000,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	40 000 000,0
			022	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	4 230 000,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	39 964 324,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	39 197 623,0
			048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	766 701,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	1 068 240,0
			018	«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту	1 068 240,0
14				Борышқа қызмет көрсету	5 302 367,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	5 302 367,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	5 299 468,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2 899,0
15				Трансферттер	252 820 339,2
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	252 820 339,2
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	865 542,4
			007	Бюджеттік алып коюлар	251 515 914,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	438 882,0
			053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	0,8
				III. Таза бюджеттік кредит беру	55 620 932,9
				Бюджеттік кредиттері	63 500 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	42 500 000,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	42 500 000,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	42 500 000,0
13				Басқалар	21 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	21 000 000,0
			007	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	21 000 000,0
05				Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 879 067,1
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 879 067,1
			06	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 766 650,0
			13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	112 417,1
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	71 391 284,0
				Қаржы активтерін сатып алу	74 132 784,0
12				Көлік және коммуникация	29 135 240,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	29 135 240,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	29 135 240,0
13				Басқалар	44 997 544,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	21 131 954,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	21 131 954,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 698 796,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1 698 796,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	1 730 919,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1 730 919,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	20 356 975,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	20 356 975,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	78 900,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	78 900,0
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	2 741 500,0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	2 741 500,0
			02	Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер	2 550 000,0
			05	Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	191 500,0
				V. Бюджеттік дефицит	-438 607 203,9
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	438 607 203,9

МӘМС

Биыл Алматы қаласы бойынша кохлеарлы имплант орнату операцияларына 2,3 млрд теңге қарастырылған. Алғашқы 5 айда құлақ мүкісімен туған балаларға МӘМС шеңберінде осындай 36 қымбат ота жасалды. Оған 283 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалының баспасөз қызметі хабарлағандай, былтыр көмектің бұл түрі 277 балаға көрсетіліп, оған жалпы 2,1 млрд теңге төленген. Әрбір отаның құны орта есеппен алғанда, 8 млн теңгеге жетіп жығылады. «Кохлеарлы имплант-тау – екі құлағы да естімейтін балалардың есту қабілетін қалпына келтіруге бағытталған жоғары технологиялық ота. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінің арқасында мұндай қымбат әрі күрделі операциялар Алматыда тегін жасалуда.

Бұл процедура IV дәрежелі екі жақты кереңдікке шалдыққан, есту аппаратының көмегі тимейтін балаларға жасалады. Диагност қаншалықты ерте анықталып, ота мейлінше ерте жасалса, баланың толыққанды сөйлеп, әлеуметтік ортамен араласып кету мүмкіндігі де соншалықты жоғарылайды дейді мамандар. Операция жасату үшін емханадағы учаскелік дәрігерге немесе ЛОР-маманның кеңесіне жазылу қажет; аудиометрия, КТ, МРТ сынды зерттеулерден өтіп, сурдолог-маманның қорытындысын алу керек; құжаттарды толық жинап болған соң емхана мамандары науқасты «Ауруханаға жатқызу бюросы» порталына тіркейді; аурухана растағаннан кейін пациент өзі таңдаған клиникаға жіберіледі.

Диагностикадан бастап медициналық оңалтуға дейінгі аралықтағы қызметтің барлық түрі МӘМС қаражаты есебінен төленеді. Анар есімді келіншек пен оның қызы Айлин бастан кешкен оқиға – заманауи медицинаның адам өмірін қаншалықты өзгерте алатынының айқын дәлелі.

ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

Біздің тұрақты да байырғы оқырманымыз, тыл ардагері, Алмалы аудандық ардагерлер кеңесінің, Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері Көпбосын Панзабеков редакциямызға арнайы атбасын бұрып, Алматыдағы ерекше емхана туралы лебізін білдіре келіпті.

– Алматыда «Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қалалық емханасы» деген тарихи атауы бар жалғыз емхана бар. Ол соғысқа қатысушыларға ғана емес, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, яғни тыл еңбеккерлеріне, қуғын-сүргінге ұшырағандарға, интернационалист-жауынгерлерге, Семей ядролық полигонынан зардап шеккендерге, Чернобыль атом электр станциясының апатын жоюға атсалысқан жандарға медициналық көмек көрсетеді.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

– Менің баламның іші жиі қатады. Әлде табиғи емес, ұнтақ сүт ішетіндіктен бе екен? Кеңестеріңіз керек. САМАЛ.

Оқырман сауалына балалар дәрігері Майра АЙТУАРОВА жауап береді:

– Иә, жаңа туған сәби болсын, мектеп жасындағы бала болсын, кез келген жаста іші қатуы мүмкін. Себебі, асқазан-ішек жолдарының дұрыс жұмыс істемеуінен ағзадағы айналым процесі бұзылады. Іш туа бітті тоқішек пен

КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТ

Алматыда құлағы естімейтін балаларға осындай бірегей аппарат орнатылады

Кішкентай Айлинге дәрігерлер кереңдіктің ауыр түрі деген диагноз қойып, кохлеарлы имплант орнатуды ұсынған. Ота жасатып, медициналық қызметтің барлық деңгейінен өту үшін отбасы Қарағандыдан Алматыға қоныс аударыпты. Оңтүстік астанадағы №5 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлерінің көмегіне жүгініп, портал арқылы салалық клиникаға жатыпты.

«Мен әуелде осындай қымбат отаны тегін жасатуға болады дегенге мүлдем сенген жоқпын. Қазір қызымның құлағы естиді, сөйлесең қарайды, сөйлеуді де ақырындап үйреніп жатыр. Бұл біздің отбасымыз үшін үлкен бақыт», – дейді Анар.



(Сурет: ашық дереккөзден).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Наиля ТӨЛЕПБЕКОВА,
Алматы қаласының штаттан тыс бас сурдологы:

Біздің клиникалар көш ілгері

Алматы қаласында кохлеарлы имплантты №5 қалалық клиникалық аурухана мен «Ақсай» балалар орталығы орнатады. Екі клиника да тиісті заманауи қондырғылармен жабдықталған, кардиохирургтерден бастап, логопед, аудиолог сынды мамандармен қамтамасыз етілген.

Бұрын мүгедек деген атқа таңылып, өз ортасынан, қатарынан қалып қоятын балалардың дамып, естіп, сөйлеп, балабақша мен мектепке барып жүргенін көріп жүрміз. Бастысы – ата-аналар уақытты текке өткізіп алмай, дер кезінде жолдама алса болғаны. Операциядан кейін бала ұзақ мерзімдік реабилитациядан өтеді. Ол клиникалар да осы Алматы қаласында орналасқан. Бала – өмір мәні.

АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ

Мегаполисте ерекше емхана бар

Мен осы емханада ұзақ жылдан бері тіркеудемін. Сондықтан оның тыныс-тіршілігін жақсы білемін. Одан бері талай басшы, талай қызметкер ауысты. Өкінішке орай, бұл емхана жиырма жыл бойы жөндеу көрмегенді. Емхана басшылығына Мұрат Қайдаров келген екі жыл ішінде жақсы өзгерістер болды. Ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, кабинеттер бұрынғыдан жарық та кең бола түсті. Сантехника жағы да түбегейлі жаңарды. Еңсені көтеретін гимарат мұндағы дәрігер, медбике, санитаркаларға да шабыт бергені анық. Емхананың күту залы да заманға сай жабдықталған. Онда келушілердің назарына барлық ақпарат ілінген. Бұрынғыдай шаршап

ұзын-сонар кезек күтпейсің, бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді, пациенттер сол бойынша алдын-ала жазылып қояды. Дәрі-дәрмекті «Әлеуметтік әмиян» бойынша алудың да жеке кестесі бар.

Емхана ауласы да абаттандырылған. Заманауи шамдар орнатылған. Тынығып отыратын орындықтары да өте қолайлы. Субұрқағы да іске қосылып, айналаны сәнге бөлеп тұр. Сондай-ақ, мұнда өзара әңгімелесіп, шүйіркелесе кетуге, серуендеуге қолайлы «Ардагерлер аллеясы» бар. Біз секілді ардагерлерге осындай жағдай жасап қойған емхана ұжымына алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді ардагер.

«БАЛАМНЫҢ ІШІ ЖИІ ҚАТАДЫ...»

тікішектің анатомиялық кемшілігінен болуы да мүмкін. Мұны медицинада аганглиоз, тік ішек ахалазиясы деп атайды. Одан да басқа дерт түрлері бар. Бірақ оны тек дәрігер анықтайды. Егер баланың іші осы сырқаттардың салдарынан жүрмей жатса, онда тез арада балалар хирургына көрсеткеніңіз дұрыс. Ал егер мұндай кемшілігі жоқ бола тұра, іші қатса, ең алдымен баланың жеген асын дұрыстаған жөн. 6 айға дейін ана сүтімен қоректенген сәбидің іші қата бермейді. Өйткені, бірқалыпты ана сүті баланың бойына енген қырық аурумен күреседі. Ботқа, ірімшіктерді кейінірек берсеңіз де болады. Егер қосымша тағаммен тамақтанса, оны өзге түрлерімен алмастыра бермеңіз,

яғни тәжірибе жасамаңыз. Өте нәзік, әлсіз асқазан «тәжірибелерді» қабылдауға дайын бола бермейді. Осының салдарынан да іші қатуы мүмкін.

Ересектеу балаларда да іштің қатуының себебі – дұрыс тамақтанбауынан. Олардың ішек жұмыстары қалыпты жұмыс істеуі үшін ас мәзірін жиі өзгертіп отырыңыз. Езбе (пюре), ботқалармен бірге сұйық тамақтарды көбірек ішкені жақсы. Тәттілерді, ұннан жасалған тағамдарды аса көп бермеген дұрыс. Олар асқазан жұмысын баяулатып, астың қорытылуын қиындатады. Сосын қазіргі балалар уақытының біраз бөлігін компьютер алдында, телефонмен өткізетінін ойласақ, олардың жиі қи-

ЕҢБЕК АДАМЫ

Аида БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, дәрігер:

ПАЦИЕНТПЕН ДОС БОЛА БІЛУДІ ҮЙРЕНДІМ

Біздің кейіпкеріміз үшін медицина – жәй ғана мамандық емес, ол – өмірлік ұстанымы, өмірінің мәні.

Аида Бауыржанқызы кішкентай күнінен-ақ дәрігер болатынын білді. Анасы мен екі ағасы да медицина маманы. Ал осы саланы бесігінен қадірлеп өскен Аида дәрігер династиясын жалғап әкетті. Ол медицина университетін аяқтаған соң, жалпы тәжірибелік дәрігер ретінде студенттік емханада жұмысын бастады. Сол жерде өзі секілді жастармен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгеріп, тек ауру белгілерін ғана емес, адамның ішкі күйін, уайымын, қорқынышын, күмәнін де түсіне білді.

Қазір ол қаладағы №2 емханада бөлімше меңгерушісі. Жалпы еңбек өтілі – сегіз жыл. Бұл – жәй жылдар емес, адам денсаулығына деген жанашырлықпен, әрбір ұсақ-түйекке мән беріп, кәсіби командамен күнделікті еңбек етумен өткен мағыналы уақыт.



● «Мен адамдарға қамқорлық жасайтын ортада өстім. Анамның жұмысына барып, оның пациенттерді мұқият тыңдап, сөзбен де, іспен де қолдау көрсетіп отырғанын жиі көретінмін. Сол кезде маған осы өмірде ең маңызды іс өзгелерге көмектесу сияқты көрінетін. Сондай-ақ, мен де дәрігер болғым келетінін түсіндім».

● «Студенттік емханада мен мынаны байқаушы едім: көпшілігі ауырған жерін айтып, дәрінің рецептінен емес, моральдық қолдау сұрап келетін. Сол жерде мен дәрігер ғана емес, пациентпен дос бола білуді үйрендім».

● «Мен мамандығымды жақсы көремін. Бұл салада кездейсоқтық болмайды. Күн сайын – жаңа адам, жаңа оқиға, жаңа тағдыр. Адамдарға пайдам тиіп жүргені үшін бақыттымын. Себебі, бала күнімнен ауырған адамдар үшін жүрегім сыздап тұратын. Қазір мен сол бала кездегі арманымды орындап жүрмін – емдеймін, көмектесемін, қолдаймын».

мыл-қозғалыста болғанын қадағалаған дұрыс. Әйтпесе, ішке түскен асы қорытылмай қалып, іші қатуы мүмкін.

Жаңа туған сәби күніне неше рет ана сүтін емсе, сонша рет үлкен дәретке отырады. Ал екі-үш айға толғанда бір күнде 2-3 рет қалыпты болып саналады. 1 жасқа толмаған бала бір тәулік бойы дәретке отырмаса, іш жұмысы бұзылды деуге болады. Мектеп жасындағы балалар өздігінен әжетханаға бара алады. 6-7 жастан бастап дені сау балалар күніне кем дегенде бір рет немесе 2-3 ретке дейін үлкен дәретке отырады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ



#ЗАҢМЕНТӘРТИП

Еуропа Кеңесінің Конвенциясы:

ӨТІНІМ МАҚҰЛДАНДЫ



2025 жылғы 18 маусымда Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бастамашылық еткен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясына қосылу жөніндегі өтінімді мақұлданды.

Аталған Конвенцияға қатысу қазақстандық құқық қорғау органдарына қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер алуға, заңсыз жолмен шетелге шығарылған активтерді елге қайтаруға, қылмысқа қарсы күрес және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында 46 еуропалық мемлекетпен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл елімізде «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы аясында халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы заңдылықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатқа сәйкес келеді. Сонымен қатар, аталған көпжақты халықаралық құжатқа қосылу Қазақстанды қылмысқа қарсы іс-қимыл саласында әрбір еуропалық мемлекетпен жеке екіжақты шарттар жасасу қажеттілігінен босатады.

Қазақстан осы Конвенцияға қосылу үшін 20 жылдан астам уақыт бойы қадамдар жасап келе жатқанын айта кеткен жөн. Алайда, бұрынғы өтінімдер Еуропа Кеңесіне мүше кейбір мемлекеттердің қарсылықтарына байланысты үнемі қабылданбаған.

Мұндай шақыртуды алу Қазақстанның қылмыстық құқықтық жүйесіне, оның ішінде заң үстемдігіне, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына еуропалық қауымдастық тарапынан сенімнің белгісі және қазақстандық прокурорлар мен дипломаттардың көпжылдық қажырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: //t.me/GenPr).

ХАБАРЛАМА

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!

2025 ж. 25 маусым, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к-сі, 308-үй Ду1000 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш. ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3А» ықш. ауданы, «Ақсай-3Б» ықш. ауданы, «Ақсай-2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.
Қосымша мәліметтерді тел.: 8 (727) 227-70-21 алуға болады.

ТЕННИС

БУБЛИК – ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОН

Теннистен Қазақстан ерлер құрамасының көшбасшысы Александр Бублик Германияның Галле қаласында өткен АТР 500 сериясындағы турнирдің жеңімпазы атанды.

Бублик неміс жеріндегі жарысты сенсациялық жеңістен бастады. Қазақстандық теннисші әлемнің бірінші ракеткасы саналатын италиялық Янник Синнерді жеңіп, ширек финалға шықты.

Келесі жарыс кезеңінде ол әлемнің рейтингінде 23-орында тұрған чехиялық Томаш Махачпен бақ сынап, 7:6, 6:3 есебімен жеңіске жетті. Жартылай финалда Александр ресейлік Карен Хачановты ұтты. Ал финалдық кездесуде қазақстандық теннисші қазіргі уақытта әлемдік рейтингте 11-орында тұрған Даниил Медведевтен басым түсті. Шешуші матч 6:3, 7:6 есебімен Бубликтің пайдасына аяқталды. Еске салайық, Бублик 2023 жылы осы Галле финалында ресейлік Андрей Рублёвті жеңіп, чемпион атанған еді.

Теннис әлемінің тағы бір жаңалығына мән берсек – Қазақстан теннис Федерациясы 11–19 қазан аралығында



(Сурет: Қазақстан теннис федерациясы)

Almaty Arena кешенінде үлкен турнир өткізгелі жатыр. АТР 250 Almaty Open жүлде қоры 1 миллион доллардан асады.

Бұл сериядағы алғашқы турнир 2020 жылы Астанада өткен еді. Былтыр алғаш рет Алматы қаласында теннистен әлемдік жарыс ұйымдастырылып, онда Карен Хачанов жеңіске жетті. Биыл ол өз атағын қайта қорғау үшін еліміздің оңтүстік астанасына тағы келеді.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА

АҚМАРАЛ ТАРИХИ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Болгария астанасы София қаласында өткен көркем гимнастикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Ақмарал Ерекешева тарихи жетістікке жетті.

Қазақстандық гимнаст Ақмарал Ерекешева үш бірдей финалға бірінші орынмен жолдама алып, екі жүлдеге ие болды. Доппен көрсеткен өнері үшін Ерекешева 26.150 ұпай жинап, әлем чемпионы атанды. Бұл тарихи жетістік – Қазақстан атынан алғаш рет гимнаст қыз жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында жеңіске жетті. Жарыстың келесі күні қазақ қызы бұл жетістігін қайта жаңғыртты. Ол таспамен өнер көрсетуден финалда ең көп ұпай жинап, тағы да чемпион атанды.

Сондай-ақ, Ақмарал шығыршықпен орындалатын жаттығуда 26.950 ұпай жинап, күміс медаль жеңіп алды. Барлығы жас гимнасттың еншісінде 2 алтын, 1 күміс бар. Әлем біріншілігіне өнер көрсеткен тағы бір қазақ қызы – Айғаным Рысбек ұршықпен орындалатын жаттығу бойынша бесінші нәтиже көрсетті.

ТУРНИР

АЗАТТЫҢ АЛАРЫ АЛДА

Демалыс күні Әзербайжан астанасы – Баку қаласында UFC турнирі өтті. Онда қазақстандық ММА спортшысы Азат Мақсұм өнер көрсетті.

Әлемдік ұйымға 2023 жылы қосылған қазақ жауынгері осы уақытқа дейін UFC туы астында екі жекпе-жек өткізген. Алғашқы кездесуінде америкалық Тайсон Нэмді төрешілер шешімімен жеңіп, жаңа промоушндегі мансабын сәтті бастаған. Кейін тағы бір америкалық файтер – Чарльс Джонсонмен жұдырық түйістіріп, оған есе жіберді.

Бакудегі жарыстың алдында Мақсұмның UFC-дегі есебі 1-1 болды. Әзербайжан жеріндегі жарыста қазақ жігіті ресейлік Тагир Ұланбековпен кездесті. Ең жеңіл салмақтағы жекпе-жек толық 3 раундқа созылып, ресейліктің

пайдасына шешілді. Төрешілер бағасы – 29-28, 30-27, 30-27.

Дегенмен, көрермендер бұл шешімге наразылық білдіріп, шешімді хабарлау кезінде қарсылық білдірді. Әлеуметтік желіде де аралас жекпе-жектің жанкүйерлері UFC-дің ресми парақшаларында шешімнің әділетсіз болғанын жарыса жазып жатыр. Жарыстан кейін өткен баспасөз мәслихаты кезінде Дана Уайт Мақсұм мен Ұланбеков арасындағы шешімге пікір білдірді.

– Мен үнемі төрешілікке қатысты дау болып тұратынын айтамын. Бірақ әділқазылардың шешімі қате болғанын бәріміз түсініп тұрсак, біз (UFC) жеңілген жауынгерді жеңгендей қарастырамыз, – деді ол. Сонымен қатар, ұйым басшысы болашақта Қазақстанда турнир өткізу мүмкіндігі бар екенін де атап өтті.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

РУХАНИЯТ

Кітап алмасу аймағы:

БУККРОССИНГ –

ашық аспан астындағы кітапхана

Алматыдағы Мұқағали Мақатаев атындағы саябақта жылда ашылатын буккроссинг жаңа маусымын бастады. Саябаққа тынығуға келген тұрғындар жәй отырмай, кітап оқып отырады. Бір-бірімен ой-пікір алмасады. Қызыққан кітабын үйіне алып кетуіне, орнына басқа кітап әкеліп қоюына болады. Ең бастысы – кітаптар беті ашылмай, шаң басып сөреде жатпайды.

Қазір гаджеттің, әлеуметтік желінің үлкен-кішіні жіпсіз байлап алғаны соншалық, кітап оқымайтынымыз жасырын емес. Әсіресе, жастар. Ақпараттық технологияның ен ортасында шалқып жүрген оларға кітаптың да рухани дос бола алатынын қалай түсіндіреміз сонда?

Батыс елдерінде смартфонға еліткен жастардың мойнын бір сәт кітапқа бұру үшін буккроссинг деген жоба енгізілген. Буккроссинг – ағылшын тілінен аударғанда, «кітаптың айналыста жүруі немесе кітап алмасу» деген мағына береді. «Өзің оқып болсаң, басқаға бергін» қағидасына негізделген бұл рухани жоба – адам және кітап арасын жақындатуды мұрат еткен, үлкенді де, кішіні де кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша кез келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын адам аяғы көп жүретін қоғамдық-көпшілік орындарға (саябақ, кафе, кітапхана, метро және т.б.) қойып кете алады.



Кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң ол да әлгі кітапты отырған жеріне қалдырып кетеді, дәл осылай ол кітапты да басқа бір оқырман оқи алады. Бұл идеяны ең алғаш АҚШ-та интернет-технология маманы Рон Хорнбакер деген кісі 2001 жылы ұсынған екен.

Осы буккроссинг үрдісі енді бізге де келіп жеткені қуантады. Және ол ең алғаш мәдениеттің, руханияттың ошағы болып саналатын біздің Алматыдан басталды. Дәлірек айтсақ, 2014 жылдың күзінде Алматы қаласында өткен «Кітапфест» деп аталатын кітап жәрмеңкесінде ең алғаш ұйымдастырылған болатын. Бүгінде шаһарда үш саябақта осындай буккроссингтер жұмыс істеп тұр. Солардың бірі – Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен, қалалық Орталықтандырылған кітапхана жүйесі кітапханашыларының ұйымдастыруымен осы ақын Мұқағали атындағы саябақта биыл тағы да ашылған буккроссинг. Сыртына Мұқағали ақынның бейнесі салынған, пішіні кітапқа

ұқсас, ашылып-жабылатын, ішінде сөрелері және түрлі тақырыптағы кітаптарға толы бұл буккроссингте шаһардағы А.П.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапхананың кітапханашылары ашық аспан астында жаздың үш айында дүйсенбі – сенбі аралығында сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін кезектесіп жұмыс істейді. Мұнда жасы үлкен қариялардан бастап, студенттер, мектеп оқушыларына дейін келетін көрінеді. Тіпті, Чехов кітапханашылары буккроссингтің жанында елге белгілі ақын-жазушылармен кездесулер, әдеби кештер ұйымдастырып тұрады.

Әрине, қас қарайған сәтте буккроссингтің аузына құлып салынады. Ондағы кітаптар бей-берекет шашылып, қадірсіз қалмауы керек, ертең келіп оқитын оқырмандарын осында күтеді. Мұнда әлемдік классиктердің шығармаларынан бастап, отандық әдебиеттің мүйізі қарағайдай жазушыларының туындыларын да таба-сыз. Келіңіз, оқиық, беті ашылмаған кітап қалмасын!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақыт БЕДЕЛХАН,
ақын:

Мұқағали рухани орталығы міндетті түрде болу керек

Алматы қаласының Мәдениет басқармасына қарасты Орталықтандырылған кітапхана лар жүйесі ашқан бұл буккроссингтің Мұқағали бейнесімен әрленгені жарасып-ақ тұр. Әудем жерде ақын ескерткіші де көз тартады. Ашық аспан астындағы шағын кітапхананың сөресінде Мұқағали шығармалары мен аудармаларынан бастап, қазақ әдебиетінің бүкіл классигінің кітаптары тұр. Бұл мен үшін жәй ғана саябақ емес, Мұқағали әлемі сияқты көрінеді. Буккроссингтің осы саябақтан ашылғаны ғажап!

Мұқағали Мақатаев – қазақ руханиятына сарқылмас сары алтындай дүние қосып кеткен ақын. Әсіресе, тілге, отансүйгіштікке, туған жерді сүйге, ұлт тұтастығына, болашағына, елдің бірлігіне, ұрпақ, дәстүр сабақтастығына, бәріне сол Мұқағали әлі қызмет етіп жатқан сияқты. Өзінің табанының табы қалған Алматы бәрібір ол кісінің бір жұмақ мекені ғой. Сондықтан Алматыда Мұқағали мұражайы, Мұқағали рухани орталығы міндетті түрде болу керек деген ойымды сөз реті келіп тұрғанда айта кетсем, артық болмас деп ойлаймын.

Мұқағали скверіндегі кітап ішіндегі әлем өзінің заманауи талапқа сай жаңаша форматта елге қызмет ете берсін. Баршамамыздың болашағымызға, бала-шағамызға шуағын төге берсін деймін. Кітап оқитын баладан үлкен адам шығатыны сөзсіз.



Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
қаламгер:

Жанның жүдемегені керек

Мұқағали Мақатаев көшесіндегі буккроссинг маған заманауи атмосферасымен ұнайды. Кезінде Мұқағали ескерткішінің осы бульвардан ашылуын асыға күткен едік. Ірілі-ұсақты әдеби жоба ұйымдастырып, бейнежазба түсіру керек болса, осы ескерткіш түбіне жыл мезгілінің қандайында да келе қоятынбыз.

Бірнеше жылдан бері аңыз ақынның жанында буккроссинг бар. Оның іші толған қазына. Заманауи ақын-жазушылардан бастап, әлем әдебиетінің классиктері осы шағын құрылым ішінен үн қатады. Жұмыс орным бұл жерге тау болғандықтан, жиі болмаса да өтіп тұрамын. Сонда орындықта кітап оқып отырған жастарды, үлкен кісілерді көремін.

Айнұр БАЛАУБАЕВА,
А.П.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапхана меңгерушісі:

Кітапқа екінші өмір сыйлаймыз

Кітапты жақсы көресіз, бірақ кітапханаларға арнайы баруға ерінсеңіз немесе уақыт таппай жүрген болсаңыз, тым болмаса саябаққа отбасыңызбен, әлде достарыңызбен, әріптесіңізбен, әлде сүйіктіңізбен серуендеуге келгенде, біздің «кітапханаға» кіре кетіңіз, өкінбейсіз. Біздің мақсат – жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру және балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптарды

Қазіргі дәуірде біз бүкіл халықты қайтадан ағартушылыққа бейімдеуіміз керек. Адамдар сауда, қым-қуып тіршілік, алыпсатарлық, коуч-оқытушылық сияқты түрлі нәрсені көріп, пайдаланып, уақытын молынан шығындап жатыр. Табыс табуға үйрену үшін де оқыған жақсы. Бірақ адамды адам бейнесінде көрсететін жанның жүдемеуі керек. Жаны жүдеген жан – ерте өлген адам. Сондықтан көркем әдебиет оқыту арқылы біз талайдың ішкі әлемін жаңғырта аламыз, болмысын өзгертуге тырысамыз. Онсыз да қатал заманда адамдар бір-біріне деген мейірімнен алыстамауы үшін де кітап оқу керек. Мұқағали скверіндегі буккроссинг – осындай амалдардың бірі ғана. Ол көп болуға тиіс.

жан-жақты насихаттау, оларды сол арқылы коммуникативті шығармашылыққа баулу, бос уақытын тиімді пайдалануына дәнекер болу, сондай-ақ кітаптарға екінші өмір сыйлау. Біздің қызмет тегін. Оқырман билеті толтырылмайды. Буккроссингтің жанында, таза ауада отырып та оқуға мүмкіндік бар. Мұны ашық аспан астындағы бейнебір жанды кітапхана деуге болады.

